

Алматы технологиялық университеті

ӘОЖ 632.9., 635.2., 635-2

Қолжазба құқығында

ЖАҚАТАЕВА АЛТЫНАЙ НАСЫПКАНОВНА

Қант шикізатының сақтау кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету

6D073500 – Тағам қауіпсіздігі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері
Изтаев А.И.
ҚР ҰҒА академигі,
т.ғ.д., профессор
Алматы технологиялық
университеті, Алматы қ.,
Қазақстан;
Людек Г.
Мендел университетінің
профессоры, Брно қ., Чехия.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	6
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	7
	КІРІСПЕ.....	8
1	ҚАНТ ШИКІЗАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	14
1.1	Қазақстандағы қант қызылшасын өсіру және дамыту.....	14
1.1.1	Қант шикізатын сақтау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету.....	17
1.2	Қант шикізатының қауіпсіздік көрсеткіші бойынша ұзақ уақыт сақтау кезіндегі әдістер.....	19
1.3	Ұзақ уақыт сақтау кезіндегі қант шикізатындағы аурулармен күресу әдістері.....	22
1.3.1	Қант қызылшасының тамыржемістеріндегі микроорганизмдерді жоятын әдістерге талдау жасау.....	26
1.4	Ұзақ уақыт сақтау кезіндегі қант шикізатының сапасына әсер ететін факторлар.....	28
1.5	Қант шикізатын ұзақ уақыт сақтау техникасы мен технологиясын талдау.....	32
1.5.1	Қант қызылшасын ұзақ уақыт сақтаудың жаңа техникасы мен технологиясы бойынша патенттік зерттеу.....	34
1.6	Қант шикізатының қауіпсіздігін жоғарлатудағы инновациялық жаңа технологияны жасаудың маңыздылығы.....	36
	Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	40
2	ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ, НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	41
2.1	Зерттеу бағдарламасы.....	41
2.2	Зерттеу нысандары.....	43
2.3	Зерттеу әдістері.....	43
2.3.1	Стандарттық әдістері.....	43
2.3.2	Электрофизикалық зерттеу әдістері.....	44
2.3.2.1	Қант қызылшасын өңдеуге арналған атом иондарының синтезі.....	45
2.3.2.2	Қант қызылшасын өңдеуге арналған озон синтезі.....	45
2.4	Қант шикізатын сақтау кезіндегі қолданылған әдістер.....	46
2.4.1	Тыныс алу қарқындылығын анықтау.....	46
2.4.2	Тамыржемістерді сақтау бойынша зерттеу әдістемесі.....	48
2.5	Жаңа зерттеу қондырғылары.....	49
2.5.1	Қант қызылшасын тәжірибелік және ғылыми өндеудің технологиялық үрдістері.....	49
2.5.2	Озонды, ионоозонды техникалық желілерін құрастыру және қант шикізатын өңдеуге қолдану.....	54
2.5.3	Қант шикізатын сақтаудағы микроорганизмдер негізінде зарарсыздандыратын биологиялық препаратты алу.....	57

2.6	Қант шикізатының ионоозонды өңдеудің ықтимал моделдерін құру, математикалық өңдеулердің және тәжірибелердің жоспарлау әдістері.....	59
2.6.1	Оңтайлы шешімдерді беретін сызықтық математикалық моделдерді құрастыру және қолдану.....	62
	Екінші бөлім бойынша қорытынды.....	65
3	ҚАНТ ШИКІЗАТЫНА АУРУ ТУДЫРАТЫН МИКРООРГАНИЗМДЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖОЯТЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРАТЫН ИОНООЗОНДЫ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЖАСАУ.....	66
3.1	Қант шикізатын егетін жерлерде және өнімін шығаратын зауыттарда көп таралған микроорганизмдерді зерттеу.....	66
3.2	Қант қызылшасының микроорганизмдерін жоюдағы озонды және ионоозонды өңдеудің әсерін зерттеу.....	68
3.3	Озонды және ионоозонды өңдеу кезіндегі қант қызылшасының сақталғыштығын зерттеу.....	83
3.3.1	Көксу ауданының шаруашылықтарының қант қызылшасының озонды өңдеу кезіндегі сақталғыштығы.....	83
3.3.2	Меркі қант зауытының қант қызылшасының өнімінің ионоозон ағынымен өңдеу кезіндегі сақталғыштығы.....	85
3.4	Озонды және ионоозонды өңдеу кезінде Ардан қант қызылшасын фитопатологиялық бағалау.....	86
3.4.1	Қант қызылшасының озон және ионоозонмен өңделген өнімін фитопатологиялық бағалауы.....	86
3.5	Озонмен және ионоозонмен өңдеу кезіндегі қант қызылшасының тыныс алу қарқындылығын зерттеу.....	89
3.5.1	Озонмен өңдеу кезіндегі қант қызылшасының тыныс алу қарқындылығын зерттеу.....	89
3.5.2	Ионоозонды өңдеу кезінде Ардан 2 қант қызылшасының тыныс алу қарқындылығын зерттеу.....	91
	Үшінші бөлім бойынша тұжырым.....	92
4	ҚАНТ ШИКІЗАТЫНЫҢ ҰЗАҚ САҚТАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІН МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ, ФИЗИКО-БИОХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ.....	93
4.1	Қант қызылшасын ұзақ уақыт сақтау кезіндегі микробиологиялық, физика-биохимиялық, технологиялық және физиологиялық көрсеткіштердің өзгеруі.....	93
4.2	Кагат тәсілімен қант шикізатын ұзақ сақтау кезіндегі жүргізілген тәжірибелердің нәтижесін салыстыру.....	94
4.2.1	Көксу және Меркі қант зауыттарында сақтаудың дәстүрлі кагаттық тәсілі жағдайындағы қант шикізатының көрсеткіштерінің өзгеруін зерттеу нәтижелері.....	94

4.2.2	Озон және ионоозон ауа ағынымен астыңғы қабаттан өңдеу арқылы ұзақ уақыт кагат әдісімен сақтау кезінде қант шикізатының көрсеткіштерінің өзгеруін зерттеу нәтижелері.....	96
4.2.3	Кагаттық әдісімен қант шикізатын үстіңгі қабатынан озон және ионоозон ауа ағынымен үрлеу кезіндегі көрсеткіштерінің өзгерістерін зерттеу.....	98
4.3	Қант шикізатын траншеядағы ұзақ сақтау кезіндегі тәжірбиелік зерттеу көрсеткіштерінің өзгерістерін салыстыру.....	99
4.3.1	Қант шикізатын дәстүрлі траншеядағы сақтау кезіндегі көрсеткіштерінің өзгерістері.....	99
4.3.2	Қант шикізатын озон және ионоозон ауа ағымен өңдеудегі көрсеткіштерінің өзгерістері.....	100
4.4	Герметикалық сыйымдылықты қант шикізатын ұзақ сақтау кезіндегі озон және ионоозон ауа ағынымен өңдеу және газы ортада сақтауға көрсеткіштерінің өзгерістерін салыстыру.....	101
4.4.1	Герметикалық сыйымдылықта қант шикізатын өңдеусіз ұзақ сақтау кезіндегі өзгерістер.....	101
4.4.2	Герметикалық сыйымдылықта қант шикізатын озон және ионоозон ауа ағымен өңдеп, азот және көмір қышқыл газ ортасында ұзақ сақтау кезіндегі көрсеткіштерінің өзгерістер.....	103
4.5	Ұзақ уақыт сақтау кезінде қант қызылшасының қауіпсіздік көрсеткіштерінің өзгеруі негізінде сақтаудың технологиялық жүйелерін және табиғи шығынның нормативтік шамаларын зерттеу.....	105
	Төртінші бөлім бойынша тұжырым.....	108
5	ҚАНТ ШИКІЗАТЫНЫҢ ҰЗАҚ САҚТАУ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТЫРАТЫН ОЗОНДЫ ЖӘНЕ ИОНООЗОНДЫ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ РЕЖИМДЕРІН АНЫҚТАЙТЫН ЫҚТИМАЛДЫ БАСҚАРУ МОДЕЛЬДЕРІН ЖАСАУ ЖӘНЕ БИОПРЕПАРАТТЫ ҚОЛДАНУ.....	109
5.1	Қант шикізатын ұзақ сақтау қауіпсіздігін артыратын озонды және ионоозонды кавитациялы технологияның ықтималды режимдерін анықтайтын басқару моделі.....	109
5.2	Қант шикізатын ұзақ сақтау қауіпсіздігінің тиімділігін арттыруда биопрепараттарды біріктіріп қолдану.....	116
5.3	Антагонист-штаммдардың қауіптілік классын анықтау.....	124
5.3.1	<i>Bacillus mojavensis</i> бактериясының NaCl-дың әртүрлі концентрациясында өсуін зерттеу.....	125
5.3.2	<i>Bacillus mojavensis</i> бактериясының өсуіне қолайлы температураны анықтау.....	126
5.3.2.1	<i>Bacillus mojavensis</i> (5B) штамына қоректік орта қышқылдығының оңтайлы диапазонын анықтау.....	126
5.3.3	Биопрепараттың негізі ретінде <i>Bacillus mojavensis</i> (5B)	

	бактериясы штаммының белсенділігін зерттеу.....	127
5.3.4	<i>Vacillus mojavensis</i> (5Б) негізінде биопрепараттың сұйық түрін алу.....	129
5.4	Кеңейтілген зертханалық жанама-өндірістік сынақ.....	130
5.5	Қант шикізатын ұзақ сақтау қауіпсіздігін арттыруда жаңа инновациялы ионозонды технологияның экономикалық тиімділігін пайдалану.....	132
	Бесінші бөлім бойынша тұжырым.....	137
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	138
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	140
	ҚОСЫМША А – Гранттық жоба аясында жазылған қорытынды..	148
	ҚОСЫМША Б – Өндіріс құжаттары:акттер мен хаттамалар.....	150
	ҚОСЫМША В – Өнертабыс құжаты.....	156
	ҚОСЫМША Г – Сызықтық жоспарға сәйкес ең аз квадраттар әдісімен регрессия коэффициенттерін есептеу.....	158
	ҚОСЫМША Д - Ауру тудыратын микроорганизмдерді жою үшін өңдеудің технологиялық режимдерін белгілеу бойынша зерттеу жүргізу.....	185
	ҚОСЫМША Е - Есептеулер мен сұлбасы.....	195
	ҚОСЫМША Ж - Зертханалық сынақ нәтижелері.....	198
	ҚОСЫМША И - Монография мен нұсқаулық.....	261
	ҚОСЫМША К - Сертификаттар.....	263

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер қолданылды:
Физико-химиялық көрсеткіштерді анықтау үшін келесі мемлекетаралық стандарттар пайдаланылды:

МЕМСТ 12570 – 98. Қант. Ылғалдың массалық үлесі,

МЕМСТ 12571 – 2013. Қант. Сахарозаның массалық үлесі,

МЕМСТ 12572 - 2015. Қант. Түсі,

МЕМСТ 12573 – 2013. Қант. Қоспалардың массалық үлесі,

МЕМСТ 12574 – 2016. Қант. Күлдің массалық үлесі,

МЕМСТ 12575 – 2001. Қант. Редуцирленетін заттардың массалық үлесі,

МЕМСТ 12579 – 2013. Қант. Түйіршіктердің метрикалық құрамын анықтау,

МЕМСТ 26521 – 2017. Қант. Таза салмағын анықтау бойынша жүргізілді.

Қант қызылшасы құрамындағы улы заттарды:

МЕМСТ 26927 – 86. Шикізат және тамақ өнімдері.

Сынапты анықтау әдістері,

МЕМСТ 26930 – 86. Шикізат және тамақ өнімдері. Мышьяқты анықтау әдісі,

МЕМСТ 26931 - 86. Шикізат және тамақ өнімдері. Мысты анықтау әдістері,

МЕМСТ 26932 – 86. Шикізат және тамақ өнімдері. Қорғасынды анықтау әдістері,

МЕМСТ 26933 – 86. Шикізат және тамақ өнімдері. Кадмийді анықтау әдістері,

МЕМСТ 26934 – 86. Шикізат және тамақ өнімдері. Мырышты анықтау әдісі,

Пестицидтерді анықтау СанЕН 42-123-4540 сәйкес жүзеге асырылды.

Микробиологиялық көрсеткіштерді анықтау үшін келесі мемлекетаралық стандарттар пайдаланылды:

МЕМСТ 26669-85 - Тағамдық және дәмдік өнімдер. Микробиологиялық талдау үшін сынама дайындау;

МЕМСТ 26670-91 - Тамақ өнімдері. Микроорганизмдерді өсіру әдістері;

МЕМСТ 1044.12-88 – Азық-түлік өнімдері. Ашытқы мен зең саңырауқұлақтарын анықтау әдісі;

МЕМСТ 10444.15-94 – Азық-түлік өнімдері.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АТУ	– Алматы технологиялық университеті
АӨК	– Азық-түлік өнеркәсібі
БҮ	– Бақылау үлгісі
ГХЦГ	– гексахлорциклогексан
ЕО	– Евроодақ
ЖШС	– Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ж/ө	– жаппай өскен
И	– Ион
ИзАрКаИм	– Биологиялық сұйық препарат
ИО	– Ионоозон
ИОЗ	– Ионоозонмен өңделген
КТБ/г	– 1 грамдағы колония түзуші бірліктер
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР АШМ	– Қазақстан республикасының ауылшаруашылық мемлекет гранты
ҚазҒЗИ АӨП"	– Қазақ қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Нұр-Сұлтан филиалы
ЖШС НФ	
ҚР СТ	– Қазақстан республикасының ұлттық стандарты
МемСТ	– Мемлекеттік стандарт
НҚ	– Нормативтік құжаттар
О	– Озон
ОЗ	– Озонмен өңделген
ӨС	– Өсінділік сұйықтығы
СХҮ	– Стандартизация бойынша халықаралық ұйым (International Organization for Standardization, ISO);
ТШ	– Техникалық шарттары
ТҚ ҒЗИ	– Тағам қауіпсіздігі ғылыми-зерттеу институты
ТТ ҒЗИ	– Тағам технологиялары ғылыми-зерттеу институты
т/ж	– табылған жоқ

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі. Қант шикізатының сапасы – халықтың өмір сүру деңгейін, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қауіпсіздігін арттырудың негізгі факторларының бірі. Әлемнің көптеген елдерінде, өнімнің жоғары сапалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету ұлттық экономиканың даму жағдайындағы басымдық болып табылады. Шикізаттың сапасы көбінесе кәсіпорынның даму тенденциясын және оның жұмысының тиімділігінің экономикалық көрсеткіштерін анықтайды.

Қазақстан Республикасының басты мәселелердің бірі – жиналған қант қызылшасын шығынсыз ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз етуді қадағалау. Қазіргі уақытта біздің республикамызда ұзақ уақыт қауіпсіз сақтауды қамтамасыз ететін қант қызылшасын өңдеу бойынша заманауи техника мен технологиялар жоқ. Сондықтан бұл проблема қазақстандық қант зауыттары үшін өте өзекті болып табылады.

Нарықтық (сыртқы тараптардың талаптары), ішкі (ұйым талаптары) және өнім сапасына қойылатын әлеуметтік талаптарды ажыратады. Өз кезегінде соңғысына қоршаған ортаны қорғау, халықтың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік, сенімділік, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жатады. Осылайша, қауіпсіздік критерийлері өнімнің сапасын басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары өнімдерінің сапасын қалыптастыратын факторлардың ішінде сапа мен қауіпсіздікті басқарудың интеграцияланған жүйесінің болуы жетекші орындардың бірі екенін атап өткен жөн [1].

Азық-түлік өндірісінің технологиялық процестерінде ЕО елдерінде тыйым салынған химиялық заттар мен қоспалар әлі күнге дейін қолданылады. Бұл қант шикізат өндірісінде формалинді, сондай-ақ күкірт диоксидін қолдануға қатысты. Бұл реактивтерді қолдану көбінесе экономикалық факторға байланысты, ал адам өмірі үшін де, қоршаған орта үшін де қауіп ескерілмейді.

Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында сапалы және қауіпсіз өнімдерді шығару міндеттерін іске асыру негізделген сапа мен қауіпсіздікті басқару жүйелері әзірленуде және енгізілуде. Бүгінгі таңда тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін әлемнің барлық дамыған елдерінде қауіпсіз өнім өндіру бірінші орынға қойылды.

Қант шикізатын өндіретін кәсіпорында өнім сапасын басқару жүйесін тиімді пайдалану заманауи бақылау әдістерін, соның ішінде өнімді талдаудың физико-химиялық және микробиологиялық әдістерін қолдануды қамтиды [2].

Қазіргі кезеңде тамақ өнеркәсібінің арасында қант шикізатының өндірісі азық-түлік нарығының қалыптасуында шешуші рөл атқарады, сәйкесінше бұл саланың кәсіпорындары үшін кезек күттірмейтін міндет ақ қанттың ұзақ уақыт сақтау кезіндегі сапалық көрсеткіштерін арттыру және дайын өнімнің шығымын арттыру. Қант өнімділігінің артуына сахарозаның ыдырауынан шығынды азайту, соның ішінде микробиологиялық процестердің нәтижесінде қол жеткізуге болады. Микроорганизмдердің тіршілік әрекетін тоқтату үшін дезинфекциялау

құралдарын қант өндірісінің әр түрлі кезеңдерінде қолдану тиімді (қант қызылшасын сақтау кезінде, бірге қырынатын қоспаны диффузиялық аппаратта өңдеу үшін, жем суы және т.б.) [3].

Зерттеуде қант шикізатын ұзақ уақыт сақтау кезіндегі қауіпсіздік көрсеткіші бойынша, олардың технологиялық процесі мен өнімнің сапасына әсері тұрғысынан талдау жүргізілді. Жоғарыда айтылғандардың аясында қауіпсіздік пен өнім сапасының талаптарына сәйкес келетін жаңа құрылғыларды пайдалану арқылы өзекті мәселе болып табылады.

Күнделікті сұранысқа ие негізгі әлеуметтік қажеттіліктердің бірі – қант. Қазіргі уақытта Қазақстанда қанттың 95%-ы импортталған шикі қанттан, ал отандық шикізат – қант қызылшасынан тек 5%-ы ғана өндіріледі.

Қазақстанның импортталған қантқа тәуелділігінің жоғары болуы азық-түлік өнімдері бойынша елдің экономикалық қауіпсіздігін айтарлықтай төмендетеді. Соңғы 20 жылда алғаш рет Солтүстік Қазақстан облысында қант қызылшасын өсіру басталды және қанттылығы 15-17%, өнімділігі гектарына 50-55 тоннаны құрайды деп жоспарлануда [4].

Қазақстанда қант қызылшасының өндірісін ұлғайту үшін қажетті егіс алаңының қоры, топырақтың жақсы құнарлылығы, селекциялық сорттар, қант заводтары жеткілікті. Сондай –ақ, қант өнімдерін толықтай пайдалану үшін кешенді жүйеде тұқым дайындаудан бастап өсіру, егін жинау, өңдеу, сақтау, қайта өңдеу және қант өндірісінің өнімін ішкі және сыртқы нарықтарда сатуға дейінгі экономикалық және технологиялық кластерлерді қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми және кәсіби мамандар да жеткіліксіз.

Біздің елімізде қант өндіретін кәсіпорындар үшін шикізат базасының негізін қант қызылшасы құрайды. Ол микроорганизмдердің болуы/болмауы тұрғысынан мұқият бақылауға алынуы тиіс. Егер қант дайындау кезінде қант қызылшасының микробиологиялық белсенділігін жүйелі түрде бақылап отырса, инфекция көздері мен ошақтарын уақытылы анықтауға болады, кейін оларды жою бойынша шаралар қолдануға, сондай-ақ ағзалардың тіршілік ету барысында туындаған технологиялық процестердегі ауытқуларды түзетуге болады. Тамырлардың ыдырауы немесе шіруі көптеген микроорганизмдерден туындайды, олардың құрамына әртүрлі саңырауқұлақтардың 200-ден астам түрі және бактериялардың 60 түрі кіреді. Зең саңырауқұлақтары мен бактериялардан басқа, ашытқы саңырауқұлақтары тамырлардың шіруі кезінде қанттың ыдырауына қатысады, әсіресе мұздатылған қызылшаны сақтау кезінде. Сақтаудың соңында қайталама микрофлораның түрлері мен формаларының едәуір саны байқалады.

Өнімнің қауіпсіздігін арттыру үшін қант қызылшасын сақтаудың әртүрлі әдістері қолданылады: химиялық, вакуумдық, құрамында ион бар, сонымен қатар биологиялық. Қызылшаны кагаттарда сақтаудың соңғы әдісі тамыржемістерді шіріктен зарарсыздандырудың жаңа инновациялық және аз уақытты қажет ететін әдісі ретінде анағұрлым негізделген әдіс болды [5].

Алматы технологиялық университетінің ғалымдары алғаш рет микроорганизмдерді жұқтыру дәрежесіне байланысты қант қызылшасының

жағдайы мен сапасын бақылаудың жаңа әдістемесін жасады. Аспаптардың көмегімен бақылау жүргізу, қант қызылшасын жұқтыру дәрежесі бойынша белгілі бір сыныптарға сұрыптау жүргізу қажет. Ұзақ уақыт сақтау кезінде сапаның ең аз шығынын және сақталуын қамтамасыз ететін ең жақсы әдістермен өңдеу және одан әрі сақтау. Осы қондырғының көмегімен өңделген қант шикізаты зиянкестерден залалсыздандырылатындығы және толығымен жойылып кететіндігі бірнеше жұмыстарда дәлелденген. Бұл ағындар сондай-ақ тотығу-тотықсыздандыру үрдістерін жылдамдатады, кванттық-физикалық үрдістердің негізінде өнімдердің тұқымдық, технологиялық, биохимиялық қасиеттерін және жалпы алғанда тағамдық құндылығын жоғарылатады.

Қант қызылшасын аз уақытта және ұзақ мерзімді сақталуы мен сапасын жоғарылату үшін озонды, ионоозонды өңдеу маңызды рөл атқарады, ол технологиялық үрдістердің қарқындылығын жоғарылатып, қант шикізатын өңдеуге кеткен уақыт пен шығынды біршама азайтады.

Қант шикізатының қауіпсіздігі мен сапасын жоғарылату үшін озонды, ионоозонды технологияны қолдану арқылы қант шикізатын өңдеудің, сақтаудың және қайта өңдеудің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Озонды және ионоозон технологиясының артықшылықтарын ұтымды пайдалану тек экономикалық және экологиялық тиімділіктерді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар көптеген әлеуметтік және қоғамдық мәселелерді шешеді.

Диссертациялық жұмыста қант шикізатын озонды және ионоозонды өңдеу арқылы ауалы және азотты орталарда сақтаудың тиімділіктері зерттелген және оңтайлы өңдеу режимдері анықталған.

Диссертациялық жұмыс ҚР АШМ 267 «Өсімдік шаруашылығы шикізатын сақтау мен қайта өңдеудің инновациялық технологиялары негізінде АӨК крахмал-сірне, май, құрама жем, қант салалары кәсіпорындарын технологиялық дамытуды қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша (0.0875 шифры) «Реттелетін газ ортасында қант қызылшасын қауіпсіз ұзақ уақыт сақтаудың техникасы мен технологиясын әзірлеу» жобасының шеңберінде жасалды.

Зерттеу нысандары. Тәжірибелік зерттеулер жүргізу үшін алынған қант қызылшасының сынамалары Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан: Алматы (Балпық би кенті, Көксу қант зауыты) және Жамбыл облысынан (Меркі қаласы, Меркі қант зауыты) алынды. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде қант қызылшасының Ардан сұрыптары таңдалып алынды, зерттеу үлгілері озонды, ионоозонды ағындарымен өңделіп, жасанды азот және көмірқышқылды газдың ортасында сақталды.

Зерттеудің мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты қант қызылшасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде - ауру туғызатын микроағзаларды, бактерияларды, фитопатогенді топтардың саңырауқұлақтарын жою бойынша қант қызылшасын озонды және ионоозонды өңдеудің режимдерін анықтау, қант қызылшасының жасанды азот және көмірқышқыл газды ортада ұзақ мерзімді қауіпсіз сақтау мен оның сапасын жақсартудың технологиялық мүмкіншілігін көрсету.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін келесі **міндеттер** орындалды:

➤ Өнімді қабылдап алу, өңдеу және үйінділерде сақтау кезінде қант қызылшасының қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін озонды және ионоозонды техника мен технологиясын қолдану;

➤ Озонды және ионоозонды өңдеудің әсерін микроорганизмдермен әр түрлі дәрежеде қант қызылшасының ұзақ сақтау кезіндегі оның физико-химиялық, микробиологиялық және тамақтық қауіпсіздік көрсеткіштерінің өзгеруін зерттеу;

➤ «Егістік – өнімді жинау – қабылдау – өңдеу – ұзақ сақтау» кешендік жүйесінде қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйелік құрылымын жасау;

➤ Әр түрлі дәрежедегі зақымдалған қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін күшейтіп ұзақ сақтауды болдыратын озонмен, ионоозонмен өңдеу технологияларының ұтымды режимдерін анықтайтын математикалық моделдерін жасау;

➤ Қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін төмендететін негізгі факторларды анықтау және ұзақ сақтау сатыларындағы қауіпсіздікті қадағалау;

➤ Көксу және Меркі зауытарында жүйелік талдау негізінде қабылдау, өңдеу және ұзақ сақтауға комплексті математикалық технологиялық модельдерді жасап, қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін басқаруды қалыптастыру;

➤ Өңдеу және ұзақ мерзімді сақтау кезінде қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін жоғарылататын, залалсыздандыруға арналған жаңа биопрепаратты қолдану технологиялардың тиімділігін бағалау;

➤ Ұзақ уақыт сақтау кезіндегі дәстүрлі және озонды, ионоозонды өңдеу технологиясының қауіпсіздік тиімділігін қарастыру;

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

- кешенді тәсіл негізінде нақты Көксу және Меркі зауыттары жағдайында қант қызылшасының сапасы мен қауіпсіздігін басқарудың негізі циклді ретпен озонды және ионоозонды өңдеудің техника мен технологиясын және жаңадан жасалынған биопрепараты қолдана отырып, қант шикізатының ұзақ уақыт сақтау кезіндегі қауіпсіздік мерзімі сақтау кеінде 60 тәулікке ұзарды.

- қант қызылшасын ұзақ мерзімді қауіпсіз сақтау мен оның сапасын жақсартудың озонды және ионоозонды өңдеуде келесі оңтайлы режимдері айқындалды: озон концентрациясы – 2 г/м^3 , өңдеу уақыты 20 минут; ионның саны $1 \cdot 10^6 \text{ ед/см}^2$, озон 2 г/м^3 , уақыты 20 минут.

- кешенді жүйеде сақтау мерзімін ұзарту кезінде қант қызылшасын және қауіпсіздігін арттыратын сапасы мен қауіпсіздігін басқарудың сапалық және сандық математикалық модельдеу әдістемесі жасалынып ғылыми негіздері анықталды.

Зерттеу әдістері. Қант қызылшасының ұзақ мерзімді қауіпсіз сақталуын зерттеу үшін мынадай әдістер қолданылды: физика-химиялық, физиологиялық, микробиологиялық әдістер. Эксперименталды зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу статистикалық және кемімелілік талдау әдістерін, сондай-ақ «PLAN» және Microsoft Excel 2010 бағдарламалар жиынтығын қолдана отырып жүзеге асырылды. Статистикалық моделдеу әдістерін қолдану

дұрыстылығының қауіпсіз шарттары мынадай статистикалық критерийлермен тексерілді: орналастырудың қалыптылығы туралы гипотеза – Стьюдент критерийі және Фишера критерийі.

Қолдану аймағы. Қант қызылшасын озон және ионоозонмен өңдеп, азот және көмірқышқыл газының ортасында қауіпсіз сақтау технологияларын тағам қауіпсіздігі мен қайта өңдеу өнеркәсіптерінде, соның ішінде қант өңдеу және өндіру зауыттарында, сондай-ақ оларды өңдеу мен сақтау нысандары ретінде қарастыра алатын ауылшаруашылықта кеңінен пайдалануға болады. Тағам мен қайта өңдеу өнеркәсіптерінде ресурстарды қауіпсіз жағдайдан үнемдейтін технологиялардың дамуына жағдай жасайды.

Жұмыстың ғылыми тәжірибелік құндылығы қант шикізатын ұзақ мерзімді сақтау кезіндегі қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету болып табылады. Жұмысты жүзеге асыру барысында қайта өңдеу кәсіпорындарын жеткілікті мөлшерде жоғары сапалы қант шикізатымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жұмысты жоғарғы деңгейде жүргізу қант шикізатының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Автордың жеке үлесі зерттеу міндеттерін талдау және бағыттарын теориялық негіздеу, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу мен әдістемелерді таңдау, алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу және мақалалар шығару, өңдеудің оңтайлы жүйелік көрсеткіштері мен қант шикізатын қауіпсізсақтаудың дұрыс тұрақтандырушы шарттарын қалыптастыру, ұзақ мерзімді сақтаудың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету және алынған мәліметтерге түсініктеме беруді қамтиды.

Жұмыстың апробациясы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланған: «Продовольственная безопасность» (Воронеж қ., 2018), «Наука. Образование. Молодежь» (Алматы қ., 2019), «Продовольственная безопасность: научное, кадровое и информационное обеспечение» (Воронеж қ., 2019), «Инновационное развитие пищевой, легкой промышленности и индустрии гостеприимства» (Алматы қ., 2019), «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века» (Нұр-Сұлтан қ., 2020), «Perspectives of science and education» (Нью-Йорк қ., 2020), «Global science and innovations 2020: Central Asia» (Нұр-Сұлтан қ., 2021) және басқалар.

«Меркі қант зауыты» ЖШС базасында қант шикізатын сақталуын арттыру мақсатында ионоозон қоспасын пайдаланып, сондай-ақ көмірқышқыл немесе азот ортасын ионоозон қоспасын қолдана отырып, кагаттарда қант қызылшасының тамыр дақылдарын өңдеудің жаңа технологиясына өндірістік сынақтар жүргізілді. «Көксу қант зауыты» ЖШС базасында қант шикізатын сақталуын арттыру мақсатында озонды ауа қоспасын қолдана отырып, кагаттарда, сондай-ақ герметикалық ыдыстарда көмірқышқыл немесе азот ортасында қант қызылшасының тамыр дақылдарын өңдеудің жаңа технологиясына өндірістік сынақтар жүргізілді.

Екі зауыт базасында өнеркәсіптік сыналды және осы қауіпсіз технологиялардың экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді екендігі дәлелденді.

Мақалалар. Негізгі нәтижелер 17 ғылыми жұмыстарда жарық көрді, оның ішінде 2 – нөлдік емес импакт-факторы бар Scopus базасына кіретін журналында: (Scientific security assessment of safety risk of raw sugar products/ Scopus CiteScore пайыздық көрсеткіші –72, Method for the safe storage of sugar beets using an ion-ozone mixture /Acta Scientiarum Polonorum Technologia Alimentaria. Scopus CiteScore пайыздық көрсеткіші – 45. 3 – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынатын басылымдарында және 7 – халықаралық және республикалық конференциялардың материалдарында, 1 – монография, 1-ұшыныс кітапшасы, 2 – өнертабыс патенттерінде «Ион-озон қоспасын және оны жүзеге асыратын құрылғыны қолдана отырып, қант қызылшасының дақылдарын кагаттарда сақтау тәсілі» сараптаманың оң нәтижесі туралы хабарландыру № 5300 21.08.2020 ж; «Озон немесе ион-озон қоспасын қолдана отырып, қант қызылшасының дақылдарын көмірқышқылы немесе азотты ортада сақтау тәсілі мен құрылғысы» сараптаманың оң нәтижесі туралы хабарландыру №35123, 11.06.2021 ж.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен: әдеби шолу, зерттеу нысандары мен әдістері, эксперименттік бөлім, қорытынды және қолданылған әдебиеттерден тұрады. Диссертация 147 бетте баяндалған, 17 суреттен, 43 кестеден және қосымшалардан тұрады.

1 ҚАНТ ШИКІЗАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қазақстандағы қант қызылшасын өсіру және дамыту

Қант қызылшасы ұзақ сақтауға жатпайды, сондықтан қызылшаны өңдеу мерзімін қысқарту үшін өндірістік қуаттарды арттыру мәселесі өте өткір, - деп ұсынады Қазақстанның қант өндірушілер қауымдастығы.

Саланың дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер бар. Олардың бірі - сақтау кезінде егіннің шығыны.

Қант қызылшасын сақтау кезіндегі қанттың жоғалуы және оның технологиялық сапасының нашарлауы көкөністердің тыныс алуына және микробиологиялық процестерге байланысты. Олар сонымен қатар сақтауға арналған шикізаттың сапасына және сақтау процесі жүретін жағдайларға да байланысты болады [6].

Сақтау кезіндегі микроорганизмдердің көбеюінің себебі – кагат шірігі. Қазіргі уақытта қант қызылшасының кагат шірігі – бұл қант қызылшасының ауруы ғана емес, сонымен қатар дақыл алып жатқан егіс алқаптарының негізгі реттеушісі. Қант қызылшасы ауруының қоздырғыштары - тамыржемістердегі, әсіресе жуылмаған топырақта кездесетін микроорганизмдер. Қызылшаның барлық аурулары, сайып келгенде, оның шіруіне әкеледі. Кагаттардағы қызылшаның шіруі бір патогеннің әсерінен болмайды. Бұл процеске саңырауқұлақтар мен бактериялардың көптеген түрлері қатысады. Осы немесе басқа түрдің басым болуы көптеген факторларға байланысты [7].

Кажат шірігімен зақымданған кезде шіріген тамырлар мен жартылай шіріген бөліктері қантты толығымен жоғалтады, нәтижесінде олар өндіріске жарамсыз болады. Шіріген салмақ қоспасының мөлшері 8-10% немесе одан көп болса, өндірістер көбінесе кристалды қант алмайды. Мал азығы үшін пайдаланылатын қызылшаның шіріген салмағы жемдік құндылыққа ие емес, сонымен қатар онда микотоксиндердің болуына байланысты жануарлардың ауруларын тудырады. Кажаттың шіруінен болатын тікелей шығындар, сондай-ақ технологиялық процестің асқынулары және шіріген салмақ қоспасы бар қызылшадан қант алу кезіндегі шығындар шіріктің жоғары зияндылығын және осы аурумен мақсатты түрде күресу қажеттілігін анықтайды [8].

Жоғары өнімді тамыр дақылынан қант өндірудің артуы Алматы және Жамбыл облыстары жағдайында неғұрлым қолайлы ретінде кажаттардағы қоймаларда қант қызылшасын сақтау жөніндегі бірқатар іс-шараларға әкеп соқты. Сақтау кезіндегі аналық қызылшаның зақымдануынан отырғызуға жарамды тамыржемістердің шығымдылығы және олардың өнімділігі 15-60% - ға төмендейді.

Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында тамыржемістердің шірігі қант қызылшасының неғұрлым зиянды ауруларының бірі болып табылатыны анықталды. Ауыспалы егістің алуан түрлілігіне және қанықтылығына байланысты тамыржемістер өнімділігінің төмендеуі орташа есеппен 40-60 %, ал қант мөлшері орташа есеппен 30-40%.

Сонымен, қант қызылшасының ауруларыөнімнің айтарлықтай төмендеуінің және оның сапасының нашарлауының факторы болып табылады.

Қорғау іс-шараларының кешеніне вегетация кезеңінде қызылша өсімдіктерін зиянкестер мен аурулардан өңдеу, жинау, тасымалдау және тиеу кезінде механикалық зақымданудан қорғау, мұздатудан және кептіруден қорғау кіреді.

Қант қызылшасының үлкен агротехникалық маңызы бар, жалпы ауыспалы егістің өнімділігін арттырады және көптеген дақылдар үшін құнды алғы дақыл болып табылады. Қант қызылшасының биологиялық ерекшеліктері оның табиғи жағдайларға қойылатын нақты талаптарын анықтайды: оң температураның мөлшері, жауын-шашын мөлшері және топырақ түрі. Қант қызылшасының вегетациялық кезеңі 160-тан 220 күнге дейін созылады. Сонымен қатар, ерте себу арқылы вегетациялық кезеңді ұзарту кеш жинауға қарағанда жоғары нәтиже береді. Оның өнімділігі көбінесе жауын-шашын мөлшеріне және топырақ жағдайларына байланысты [9].

Қант қызылшасын өсіру ауа алмасуы жақсы, қарашірікке бай сазды құрылымды топырақты қажет етеді. Топырақтың түріне байланысты қызылшаның қант мөлшері 15,5-тен 20,5% -ға дейін өзгеруі мүмкін. Қант қызылшасын өндіру үшін Алматы облысының қолайлы топырақ-климаттық жағдайлары осы дақылдың селекциялық материалының генетикасына енгізілген потенциалдық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді. Оларды толық іске асыру үшін ауыл шаруашылығы ғылымының ұсынымдарына сәйкес агротехникалық тәсілдерді орындау үшін материалдық-техникалық ресурстардың үлкен шығындары қажет [10].

Қазақстанда жан басына шаққандағы қантты тұтыну мөлшері жыл сайын артып келеді. Орташа алғанда, жылына әр тұрғынға шаққанда бұл шамамен 27 кг көрсетеді. Қанттың барлығы дерлік халықтың тамақтануына кетеді (шамамен 90%). Қалған бөлігі фармацевтикалық және химия өнеркәсібінде қолданылады, онда фармацевтикалық өнімдер (мысалы, антибиотиктер) шығарылады; биотехникалық өнімдер (мысалы, лимон қышқылы және сүт қышқылы, амин қышқылдары, дәрумендер мен ферменттер); биологиялық ыдырайтын орауыш материалдар мен пленкалар; сыртқы ортаны ластамайтын жуғыш заттар.

Жергілікті шикізаттан қант өндіру мәселелері агрономияның басым міндеттерінің бірі болып табылады. Кристалды қанттың ең көп мөлшері қант қызылшасында (22 пайызға дейін немесе одан да көп), ал қант қамысында (18% дейін) кездеседі. Қызылша қантын өндіретін кәсіпорындар еліміздің екі аймағында орналасқан жоғары өнеркәсіптік және энергияны көп қажет ететін салаларға жатады. Қазақстанның қызылша қантын өндірушілері Тамақ өнеркәсібінің жетекші саласының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы қант қызылшасының әлемдік өндірісіндегі үлес салмағын аз орын алады: егіс алаңы бойынша — 0,3 %, өндіріс бойынша — 0,2 %. Әлемде қант қызылшасын егу бойынша бірінші орынды Ресей алады — 19,5 %, одан кейін Украина — 11,7 % [11]. Өндіріс бойынша – жоғары өнімділік есебінен (761 ц/га) бірінші орынды Франция алады -14 %, одан кейін АҚШ -

13,7%, ал үшінші орынды Ресей — 12,4 % алады. Жан басына шаққандағы ұсақ қант өндірісінде Франция (65,2 кг.), Белорусь (67,1 кг.), Ресей (43 кг.), Германия (41,7 кг.), Түркия (36,9 кг.) орташа нормативтік көрсеткіштерден жоғары, жан басына шаққандағы қанттың ең аз тұтынылуы Қытайда (6,0 кг.) бар, бұл халықтың тамақтану ерекшелігіне және осы мемлекет экономикасының құрылымына байланысты.

Соңғы 45-50 жыл ішінде әлемде қанттың жалпы тұтынылуының өсуі оның әлем халқын азық-түлікпен қамтамасыз етудегі маңыздылығын көрсетеді. Стратегиялық азық-түлік тауары бола отырып, қант дамыған елдердегі мемлекеттік реттеуші органдардың назарын аударады. Батыс елдерінде ішкі нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «қант жүйесі» ұғымына біріктірілген төрт негізгі реттеу құралы қолданылады: импорттық баждар, қант бағасы, қант қызылшасының бағасы және оның бағасы төмендеген кезде өндірушілерге төленетін өтемақы. Барлық дамыған елдердің үкіметтері либералды болғанымен протекционистік саясат пен ұлттық қант өндірушілерді барынша қорғауға бағытталған [12].

Әлемде қанттың едәуір мөлшерін өндіретін Францияның, Германияның, Түркияның, Польшаның мемлекеттік аграрлық саясаты дәстүрлі түрде ерекше тұрақсыздықпен ерекшеленетін әлемдік нарықтан импорттық жеткізілімдерден бас тарту үшін олардың қантпен өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізуге бағытталған. ЕО елдерінде өнімділікті арттыру және қант қызылшасы алқаптарының кеңеюі, олардың көпшілігіне соңғы жылдары тұтынудан гөрі көп қант өндіруге мүмкіндік берді. Еуропада қызылша қантын өндірісі бірнеше мемлекеттерді, соның ішінде Норвегия мен Исландияны қоспағанда, барлық дерлік елдерде бар. Батыс Еуропаның климаты қызылша өсіру үшін аса қолайлы: жауын-шашынның жоғары деңгейі, ұзақ вегетациялық кезең.

Қазақстанда оның даму тарихы екі ғасырдан астам уақытты құрайды, егер 19 ғасырда саланың пайда болуы және өнеркәсіптік алғашқы қалыптасуы жүрсе, онда 20 ғасырда қант өнеркәсібі толығымен қалыптасқан инфрақұрылымы және ұйымдасқан қант нарығы бар қарқынды дамып келе жатқан өндірістердің бірі ретінде кірді. Реформаға дейінгі кезеңде өнеркәсіптік өңдеу үшін қант қызылшасын өндірумен 3 облыста орналасқан 60 мың гектар алаңда 125-тен астам шаруашылық (колхоздар, совхоздар және басқа да ауыл шаруашылығы кәсіпорындары) айналысты, ал оны қайта өңдеу тәулігіне жалпы өндірістік қуаты 25 мың тонна қызылша болатын 8 қант зауытында жүргізілді.

Әдетте, қант зауыттары қант қызылшасын өндірудің шикізат аймағының ортасында оны зауытқа жеткізу радиусын азайту мақсатында орналасқан. Көп жағдайда олар 3,5–5,5 мың халқы бар қалалық типтегі елді мекендерде орналасқан, онда олар іс жүзінде жалғыз өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады, бұл оларды осы елді мекендердің тұрғындары үшін жұмыс орындарын ұсынатын қала құраушы және әлеуметтік маңызы бар кәсіпорындар етеді [13].

Қант шикізатын өндірісін дамыту үшін теріс процестермен қатар жүрді: егіс алқаптарының едәуір қысқаруы, қант қызылшасының шығымдылығы мен

жалпы түсімінің төмендеуі, сала кәсіпорындарының қаржылық жай-күйінің нашарлауы, сондай-ақ қызылша қанты өндірісінің негізгі буындарындағы тоқырау процестері: қант қызылшасы тұқымдары өндірісінің төмендеуі, қант зауыттарының толық жүктелмеуі/тоқтауы.

Оның басты элементтері қант қызылшасын өндіруге арналған квоталар, баға кепілдіктері, сыртқы сауданы реттеу болып табылады. Бүкіл жүйе өзін-өзі қаржыландыруға негізделген. Қанттың нарықтық тәртібі өндірушілерге жеткілікті пайда әкеледі, ал тұтынушыларға қажетті мөлшерде төмен бағамен қант береді. Бұл ретте мемлекет тарапынан дотациялардың бөлінуін болдырмау үшін өнімді өсіру көлемі регламенттеледі.

Еуропада қант қызылшасын өндіру оны қайта өндеудің қуатты индустриясына сүйенеді, ол соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Мұнда қант өнеркәсібі рентабельді емес кәсіпорындар жабылған кезде жұмыс істеп тұрған қуатты өнеркәсіптерді жаңғырту жолымен дамуда. Қызылша өсіру мен өткізу нарығының шоғырлану мүмкіндіктерін ескере отырып, бір тәуліктегі қызылша өңдеу қуаттылығы 10 мың тонна болатын, бір маусымда 100 мың тонна қант өндіретін зауыт оңтайлы болып саналады. Қызылша өсіру шаруашылықтары мен қант зауыттарын ресурстық қамтамасыз етуді машина жасау, химиялық, тұқым өсіру компаниялары көтерме сауда жүйесі, делдалдық буындар, яғни жабдықтау-өткізу кооперативтері арқылы жүзеге асырады [14].

Мәселен, Италияда олар қызылша өсіретін шаруашылықтардың пестицидтер мен минералды тыңайтқыштарға деген қажеттілігінің жартысынан астамын, техниканың шамамен 45%-ын; Данияда – тыңайтқыштарға деген қажеттіліктің 40%-дан астамын және техниканың 20% -ын қамтамасыз етеді. Ресурстық қамтамасыз ету салаларының функциясы фермаларға өндірістік қызмет көрсету, яғни қызылшаны өсіру және жинау жұмыстарын орындау болып табылады.

1.1.1 Қант шикізатын сақтау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта қант зауытында қант қызылшасын қабылдауды физикалық салмағы бойынша жүзеге асырады, бұл қызылша өсіретін шаруашылықтардың тамыржемістер өнімділігін едәуір арттыру үшін азот тыңайтқыштарын қарқынды қолдануларына итермелейді. Алайда, азоттың шамадан тыс енгізілуі мен тамыржемістердің технологиялық қасиеттері арасындағы теріс корреляциялық тәуелділік белгілі [15].

Сонымен қатар, азот тамыржемістердің пісіп жетілуін ұзаққа созады және жинау кезінде онда өсіп-өнудің соңғы кезеңінің процестері жалғасады, оның бірі сахароза синтезімен көмірсулардың қарқынды алмасуы, яғни қант қызылшасы технологиялық пісіп үлгермейді. Нәтижесінде қант зауытына технологиялық сапасы төмен толық пісіп жетілмеген тамыржемістер жеткізіледі. Мұндай қант қызылшасын сақтау кезінде қолайсыз ауа-райының әсерінен қағаттардың үстіңгі қабаттарындағы тамыржемістер сола бастайды, аязды ауа-райы басталған кезде фитопатогенді микрофлораға және теріс температураға төзімділігі төмендейді. Нәтижесінде сақтау кезінде қызылша мен сахароза салмағы төмендей бастайды.

Сақтау кезінде қант қызылшасының тамыржемістеріне аталып өткен факторлардың жағымсыз әсерлерін азайтуға микробқа қарсы қасиеттері бар жабынды материалдарды қолдану мүмкіндік береді

Жинаудан кейінгі кезеңде қант қызылшасының тамыржемістерінің тіршілігін реттейтін негізгі физиологиялық-биохимиялық процестер тыныс алу және ферменттердің белсенділігі болып табылады, олардың ішінде сақтау кезіндегі көмірсу алмасуында, сондай-ақ сахароза шығынының төмендеуінде инвертазаның маңызы зор. Технологиялық пісіп жетілмеген қант қызылшасы піскенге қарағанда жоғары физиологиялық және ферментативті белсенділікке ие, бұл жинау кезінде оларда биохимиялық процестердің толық еместігін дәлелдейді. Осылайша, жабусыз сақтаудан кейін піскен қызылшамен салыстырғанда пісіп-жетілмеген тамыржемістерде инвертаза белсенділігінің 1,3 есе ұлғаюы, тыныс алу жылдамдығы 1,6 есе көбейгені байқалды. Модификацияланған жабынды қолдану физиологиялық-биохимиялық процестердің қарқындылығын: піспеген тамыржемістерде инвертазаның белсенділігін - 1,2 есе, тыныс алу қарқындылығын - 1,5 есе; піскендерде - 1,3 және 2,0 есе төмендетуге мүмкіндік берді [16-17].

Сақтаудан кейінгі тамыржемістердің фитопатологиялық талдауы піспеген қант қызылшасында өнген тамыржемістер санының неғұрлым жоғары пайызын көрсетті, бұл тамыржемістердің физиологиялық тыныштық кезеңіне жетпегенін көрсетеді. Осылайша, піскен қызылшаны жабусыз сақтау кезінде өнген тамыржемістер саны 6,7 есе төмен, жабынды сақтау кезінде -2,6 есе төмен болды, соңғысы жаппаның астында конденсациялық ылғалдың жиналуына байланысты болуы мүмкін.

Технологиялық пісіп-жетілмеген қант қызылшасының тамыржемістерінің қанттылығы, клеткалық шырынның тазалығы мен рН төмен болды, ал редуцирленетін заттардың, а-амин азоты мен еритін күлдің мөлшері жоғары болды. 32 тәулік сақтаудан кейін пісіп-жетілмеген тамыржемістерде зат алмасу процестерінің қарқынды өтуі нәтижесінде сахарозаның жылдам ыдырауы және зиянды қант еместердің жиналуы байқалды. Осылайша, пісіп-жетілмеген тамыржемістер құрамындағы сахароза мөлшері жабусыз сақтағанда 4,6%-ға және модификацияланған пленканы қолдана отырып сақтағанда 3,7%-ға төмендеді, ал піскен тамыржемістерде осы көрсеткіштің төмендеуі тиісінше 2,7% және 1,7%-ды құрады. Қант еместер құрамының динамикасы кері қанттылық үрдіске ұлғаю ие болды. Сирек кездесетін заттардың, а-аминді азоттың және еритін күлдің қарқынды жиналуы піспеген қант қызылшасында байқалады. Жабынды материалдарды қолдану қолайлы температуралық-ылғалдық режимге жақын және жабынды материалдар құрамына кіретін модификатор-препараттар сахарозаның ыдырау процестерін тежеуге және піспеген, сондай-ақ піскен тамыржемістерде зиянды қант еместердің жиналуына алып келді, бұл олардың технологиялық сапасының жоғары деңгейде сақталуына әсер етті.

Сақталған піскен тамыржемістер қантының есептік шығуы пісіп-жетілмеген қант қызылшасымен салыстырғанда жабылмаған жағдайда 1,7 есе

жоғары, жабынды қолдана отырып сақтағанда - 1,9 есе жоғары болды. Модификацияланған жабынды тікелей қолдану қанттың есептік шығуының: піскен тамыржемістерде - 2,4% -ға, пісіп жетілмегендерде - 0,4%-ға артуына ықпал етті [18].

Модификацияланған жабынды қолдану піскен және пісіп-жетілмеген тамыржемістердегі физиологиялық және биохимиялық процестердің төмендеуіне, сондай-ақ сақтау кезінде мақсатты құрамының шығынын азайтуға ықпал етеді.

1.2 Қант шикізатының қауіпсіздік көрсеткіші бойынша ұзақ уақыт сақтау кезіндегі әдістері

Қант қызылшасының аналық тамыржемістерін сақтаудың үш тәсілі бар: траншеяларда, жартылай жоғары (немесе жер үсті) және стационарлық (жертөлелерде және арнайы салынған қоймаларда). Ең кең таралған бірінші әдіс, қалғандары сирек қолданылады. Көптеген облыстардың траншеялары ені - 80-90 см, тереңдігі - 60-70 см (Алтай өлкесінде - 80-90 см) қазылады. Тамыржемістер жер бөгеттерсіз және жер қабаттарынсыз, үйіп қагаттарға салынады. Бөгеттерді қагаттау мерзімі үзілген жағдайда және жеткіліксіз тамыржемістерді сақтауға салу кезінде жасау керек [19].

Кагатқа салынған тамыржемістерді тез арада ұсақ қатпарлы топырақпен 25-30 см қалыңдықта жабады, ал Краснодар өлкесінде 15-20 см жабылады. Жердің толық жабылуын кагаттың жоғарғы бөлігіндегі температура 4-5 °С дейін төмендеген кезде жүргізеді. Краснодар өлкесіндегі жабынның биіктігі 50 см кем болмауы тиіс, ал Орталық қара топырақты аймақта және Алтай өлкесінде неғұрлым сенімді термооқшаулау (150 см дейін) қажет [20-21].

Қыс бойы температуралық режимге бақылау жүргізеді, және қажет болған жағдайда кагаттарды салқындату немесе жылыту бойынша шаралар қолданылады. Температура 8°С дейін көтерілген кезде тамыржемістерді кагаттарда салқындатады, жабынның бөлігін бульдозермен шешеді немесе әрбір 20 м сайын бүйірлік салқындатқыш құдықтар жасайды. Кагаттардағы температура 5°С дейін төмендеген кезде оларды сабанмен, қимен немесе қармен жылытады.

Қандай да бір сақтау режимін, қант қызылша салмағын қоршаған ортаның жағымсыз әсерлерінен қорғау, олардың салмағы мен сапасының ақталмаған шығындарын болдырмау, қызылшаның әсіресе тұқымдық барлық партияларын сақтауды қамтамасыз ету үшін арнайы қоймаларда ұйымдастырылған болуы тиіс. Қоймалар міндетті түрде физикалық және физиологиялық қасиеттерін ескере отырып салынады. Осыған байланысты оларды әртүрлі құрылыс материалдарынан: ағаштан, тастан, кірпіштен, темір бетоннан, металдан тұрғызады. Оларды таңдау жергілікті жағдайларға, сақтау қоймаларының қолдану мақсатына, қызылша сақтау ұзақтығына және экономикалық пайымдауларға байланысты. Қойма жеткілікті берік және тұрақты болуы керек, яғни қызылша салмағының еденге және қабырғаға қысымын, желдің қысымын ұстап тұру керек. Шатырды, терезелер мен есіктерді атмосфералық жауын-

шашынның түсу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп орналастырады, ал қабырғалар мен едендер жер асты және жер үсті суларының енуінен оқшауланады. Мұндай қоймалардағы ауаның ылғалдылығы жыл бойы 60-75% деңгейінде оңай ұсталады, бұл 13-15% тепе-тең ылғалдылыққа сәйкес келеді.

Еңбек шығындарын қысқартуға мүмкіндік беретін қоймаларды механикаландыру ерекше маңызға ие болады. Қазіргі уақытта шаруашылық жинаудан кейінгі өңдеуге арналған машиналардың жеткілікті санымен жабдықталған.

Қызылша салмағын жинағаннан кейін өңдеу процесі ОВ-20, ОВП-20 және ВС-10 машиналарында алдын ала тазартудан басталады. Шаруашылықта ылғалды қызылшаны кептіру үшін кептіргіштердің тұрақты және жылжымалы түрлері қолданылады. СЗПБ-2,0 жиі қолданылады. Тұқымдық материалды өңдеу үшін белсенді желдеткіші бар қондырғылар қолданылады [22].

Қоймалар - ғимараттар мен механикалық құрылғыларды қамтиды және қант қызылшасын өндірушілер мен оның тұтынушылары арасындағы тізбекте өмірлік маңызды буынды білдіреді. Олар фермаға жинағаннан кейін қант қызылшасын жинақтау және тарату орталығы болып табылады және әртүрлі көлік және нарықтық арналар бойынша қозғалып отырады [23].

Тарату функцияларынан басқа, қоймалар, осындай функцияларды орындайды:

- алғашқы өңдеу; оған қант қызылшасының сапасын сақтау мақсатында оны кептіру, тазалау, желдету, орнын ауыстыру немесе қайта лақтыру, аурумен зақымдалуын азайту мақсатында фумигациялау жатады;

- сауда; сақтауға түсетін қант қызылшасының мөлшерін анықтау мақсатында өлшеуден басқа сақтау орындары да сапасын анықтайды және дақылды бір көлік құралынан екіншісіне береді;

- сақтау; сақтауды қамтамасыз ете отырып, қоймалар қант қызылшасын өндіру мен тұтыну арасында туындайтын сәйкессіздіктің әсерін төмендетеді.

Қызылша бизнесіндегі бәсекелестік еңбек шығынының төмендігін, үлкен табыстылықты, бос тұрмауды, өлшеудің аз уақытын, қызмет көрсетуші мамандар үшін ең жақсы еңбек жағдайларын және жоғары өнімділігі бар тиімді сақтау орындарын талап етеді. Қазіргі таңда жабдықтардың сенімділігі маңызды, себебі бос тұруға көп қаражат жұмсалады және қауіпсіздік талаптарына көп көңіл бөлінеді. Қоймаларды жаңа өнімді қабылдауға дайындау сақтау кезінде маңызды роль атқарады.

Зақымданбаған тамыржемістерді дұрыс кесіліп, оңтайлы жағдайларда сақтағанда сахароза басым түрде тыныс алуға жұмсалады және бұл шығындар аз мөлшерде болады. Бірақ жасыл массаның, жердің және басқа қоспалардың көп мөлшері бар зақымдалған тамыржемістерді сақтау кезінде тыныс алу процестері күшейіп, сахарозаның жоғалуы күрт өседі. Қант қызылшасы тамыржемістерінің сақталуына температуралық режим үлкен әсер етеді.

Қызылшаны жабусыз кагаттарда сақтағанда, әсіресе жылдың жылы мезгілінде тамыржемістер ылғалының айтарлықтай жоғалуы (солу) орын алады. Қызылша сақтау кезінде көмірсулардың жоғалуына тамыржемістерінің өсуі

теріс әсер етеді. Өсу қарқындылығы жоғары болған сайын, сақтау кезінде сахарозаның жоғалуы соғұрлым көп.

Қант қызылшасының елеулі зиянын тамыржемістердің механикалық зақымдануы мен микроорганизмдердің әсері келтіреді. Сондықтан шикізатты бүлінуден сақтаудың басты шарттарының бірі оның бүтіндігі болып табылады, өйткені жинау, тасымалдау және сақтауға салу кезінде қызылшаның механикалық зақымдануы шикізаттың шіруіне ықпал етеді.

Қызылша сақтау тәжірибесінен кагаттардағы тамыржемістердің шіруі – масса мен сахарозаның жоғалуының, шикізаттың технологиялық сапасының төмендеуінің басты себептерінің бірі екені белгілі.

Каятта ауру ошағы пайда болған кезде зақымданған тамыржемістер іріктеліп, қайтадан өңдеуге жібереді. Іріктелініп алынғандар орнына сөндірілген әкпен өңделген сау тамыржемістер салынады. Каяттың бетін мұқият тегістейді және жабады.

Жасыл масса құрамында еритін қант еместер көп. Өңделетін қызылшада, мысалы, жасыл массаның 1% болуы диффузиялық шырынның тазалығының 0,4–0,5% - ға төмендеуіне және сірнедегі сахарозаның құрамының 0,2% - ға артуына әкеледі. Қызылшадағы қоспалардың көп мөлшері оны сақтау жағдайын және алынатын диффузиялық шырынның сапасын нашарлатып қана қоймай, оларды тасымалдауға арналған көлік шығындарын да арттырады. Қантты заводта тазалау құрылғылары үлкен жүктеліммен жұмыс істейді, егістіктерден құнарлы топырақ шығарылады.

Үсік шалған қызылша сақтауға жарамсыз, өйткені ол тез шіри бастайды, оны өңдеу қиын. Қызылша егетін аудандарда алғашқы аяз жиі қазан айының басында басталады. Осы уақытта қазылған, бірақ уақытылы әкетілмеген тамыржемістердің бір бөлігі құлақшаларда қалады және үсікке шалдығады. Қазылған қызылшаны үсіктен сақтау үшін оны қазу және қабылдау орындарына шығару кестесін қатаң сақтау қажет, ал егістікте қалған және сол күні әкетілмеген қызылша топырақпен немесе үйіндімен немесе сабанмен жабу қажет. Қант қызылшасын дұрыс қабылдау және сақтау бойынша барлық талаптарды орындау өнімнің жоғалуын едәуір қысқартуға және соңғы шығымын арттыруға мүмкіндік береді [24].

Қант қызылшасының тамыржемістері, өсімдік шикізатының барлық басқа шырынды өнімдері сияқты – сақталуы қиын объектілер. Қызылшаны сақтаудың оңтайлы температурасы 0...+20 С. Қызылшаны сақтаудың 2 әдісі бар: кагаттар мен бұрттарда. Бұрттарда қызылшаны егістіктің шеттерінде егін жинау техникасы мен қант зауыттарын маусымдық пайдалануды толық қамтамасыз ету үшін сақтайды. Сақтау-аралық, бірақ ол қажет. Каяттарда қызылшаны қысқы ұзақ сақтауға қояды, сонымен қатар бұл екі жағдайда да өнімді аз жоғалтуға қол жеткізілетін тамыржемістерді сақтаудың негізгі 2 шарты :

- 1) сау тамыр жемістерін салу және сақтау керек.
- 2) қызылша бетінің механикалық зақымдануын барынша азайту.

Бүгінде сақтауға арналған заманауи технологиялар бар – мысалы, кешенді гидромеханикаландырылған қоймалар. Бұл қоймаларда еденнің қатты жуылатын

жабыны бар, су беру және желдету жүйесімен жабдықталған. Жаңа сақтау жүйелері шығындарды қайта өңдеуге дейін қысқартуға, шикізатты тиеуге арналған техникалық құралдарды пайдалануға мүмкіндік береді [25].

1.3 Ұзақ уақыт сақтау кезіндегі қант шикізатындағы аурулармен күресу әдістері

Қазіргі уақытта қант қызылшасының тамыржемістерін сақтау мәселелері өзекті болып табылады. Сондай-ақ, қант саласы қызметкерлерінің қайта өңдеуге түсетін шикізаттың сапасына назар аударуы да артты. Бұл "just in time" (уақыт бойынша жеткізу) принципі бойынша жинау мерзімдерінің қысқаруына байланысты қызылша шикізатын сақтаудың өскен қиындықтарымен түсіндіріледі.

Сонымен бірге мынадай сұрақ туындайды: қызылшаны уақытша егістік жағдайда сақтауға байланысты тамыржемістер мен қанттың салмағын жоғалтуды қандай тәсілдермен және әдістермен азайтуға болады. Бұл мәселе қолайсыз ауа райы жағдайында, сондай-ақ тамыржемістердің жоғары өнім беру кезінде туындайды [26].

Bacillus holotolerans 7B штамы өсіндісінің вируленттілігін зерттеу (ЛД50) жалпы қабылданған әдіспен жануарлардың 8 тобына (әр қайсысында 12 ақ тышқаннан және салмағы 16-18 г 6 аналық және 6 аталық) 10^3 -тен 10^{11} КТБ/см³-ге дейінгі концентрацияларда жүргізілді.

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей, *Bacillus holotolerans* 7B өсіндісін құрсақішілік енгізу кезінде 10^7 КТБ/г мөлшерінде 4 жануар, ал 10^9 КТБ/г мөлшерінде 7 тышқан ауырды. Пероральді жұқтыру кезіндегі 10^9 КТБ/г мөлшерінде 3 тышқан, КТБ/г мөлшерінде жұқтырғанда 6 тышқан ауыруға шалдықты. Өсіндіні енгізгеннен кейінгі 24 сағаттан кейін жануарларда енжарлық, тәбеттің жоғалуы, нәжістің жұқаруы, жүндерінің түсуі байқалды жұқтырылғаннан кейінгі 3 тәулік ішінде барлық тышқандар сауығып кетті. Тәжірибеге алынған жануарлардың өлімі болмады.

Жануарларды ашып сою кезінде ішкі мүшелердің морфологиялық өзгерістері есепке алынды: бауыр қою-қызыл түсті, беті тегіс, аздап гиперемияланған болды; ми және қабық затының «өрнегі» анық, өкпе құрылымы және көлемі бойынша қарапайым, беті тегіс, бір-бірінен оңай бөлінеді, спайкалар анықталмады.

Ішкі мүшелердің диссеминациясына қабілеттілігін зерттеу ішкі мүшелердің диссеминациясы өсінді енгізілгеннен кейін алғашқы 48 сағат ішінде ғана орын алатыны көрсетілді.

Өсіндінің сенсбилизациялық ықпалдың аллергендік әсері орташа аллергендік мөлшер бойынша анықталды. Орташа аллергендік мөлшерді анықтау теңіз шошқаларында жүргізілді, онда зерттелетін өсінділер бір

жануарға $10^3, 10^4, 10^5, 10^6$ КТБ мөлшерінде енгізілді. Бақылау есебінде физиологиялық ерітінді қоланылды. Реакцияны есепке алу эритеманың диаметрі бойынша 10 күннен кейін жүргізілді. Зерттелетін өсіндінің орташа аллергендік мөлшері бір жануарға есептегенде $4,6 \times 10^5$ КТБ құрады. Осылайша, зерттелген штаммдар іс жүзінде аллергиялық әсер бермейтіні дәлелденді.

Штаммның жергілікті-тітіркендіргіш әсері: зерттелетін өсінділерді қояндардың көзінің конъюнктивіне 1×10^9 КТБ/см³ мөлшерде енгізгенде склера мен қабақ тамырларының инъекциясы, көздің бұрыштарында шырышты бөлінулер түрінде әлсіз оң реакция байқалды. Бақылаудың төртінші тәулігінде барлық жануарларда жоғарыда аталған құбылыстар толығымен жойылды және келесі 5 тәулікте физиологиялық нормадан ауытқулар анықталмады. Осылайша, зерттелген *Bacillus holotolerans* 7В штаммы жергілікті-тітіркендіргіш әсері әлсіз болатындығы анықталды.

2020 жылғы 27 наурыздағы 437 К Хаттама қорытындысы бойынша қолданыстағы штаммдар жіктемесіне сәйкес (жұмыс аймағының ауасындағы микроорганизмдер-продуценттердің, бактериялық препараттардың және олардың компоненттерінің шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШЖК) ГН 2.2.6.709-98 гигиеналық нормативтері), *Bacillus holotolerans* 7В өсіндісі қауіптіліктің 4-классына жатады [76].

Enterobacter kobei 8В деп аталатын штамм факультативті анаэроб болып сипатталады және химогетеротрофтарға жатады. *Enterobacter kobei* 8В штаммы 16s R RNA гендерінің нуклеотидтер тізбегін анықтау негізінде анықталды.

Enterobacter kobei 8В өсінділік-морфологиялық ерекшеліктері жылжымалы таяқшалар, дөңгелек ұштары 1,1-2,5 мкм, бір немесе жұптасып орналасқан грам-оң клеткалар ретінде сипатталды. Тығыз қоректік ортадағы колониялары дөңгелек, тегіс емес жиектері бар, өлшемі 15 мм, беті сәл әжімді, консистенциясы жұмсақ, күңгірт ашық кілегей түсті.

Enterobacter kobei 8В штаммын ауыл шаруашылығы саласында қолдану жоспарлануда.

Штаммның ықтимал патогендік белгілерін зерттеу кезінде жұмыртқаның сарысы (сарысы агары) және қан (қан агары) қосылған тығыз қоректік ортада жүргізілген *in vitro* тәжірибелерінде *Enterobacter kobei* 8В өсіндісі лецитиназа (2% колония) және гемолитикалық (3% колония) белсенділігінің белгілері анықталды.

Штаммның вируленттілігін зерттеу кезінде (LD₅₀) - *Enterobacter kobei* 8В өсіндісі жануарлардың 8 тобында (әрқайсысы 12 ақ тышқан, салмағы 16-18 г 6 аналық және 6 аталық) 10^3 -тен 10^{11} КТБ/см³ концентрациясында жалпы қабылданған әдіс бойынша қолданылды.

Тәжірибелердің нәтижелері көрсеткендей, *Enterobacter kobei* 8В өсіндісінің вируленттілігі (LD 50) құрсақішілік енгізу кезінде - 10^9 КТБ/мл-ден астам, пероральді енгізу кезінде LD 50 – 10^{11} КТБ/мл-ден астам болды.

Жануарларды сою кезінде ішкі мүшелердің өзгеруін морфологиялық зерттеу бауырдың қою-қызыл түс болғанын көрсетті, бөлшектер аздап үлкейген, беті тегіс. Көкбауыр аздап үлкейген, ми мен қабыршық заттың «өрнегі» айқын. Өкпе бөлшектер құрылымы мен көлемі бойынша қарапайым, анық емес қабынудың іздері бар, спайкалар аздап байқалады.

Зерттеу кезінде штамм өсінділері енгізілгеннен кейінгі алғашқы 72 сағат ішінде ғана ішкі мүшелерді дессиминациялау қабілеті орын алатыны анықталды.

Өсіндінің сенсбилизациялық ықпалының аллергендік әсері орташа аллергендік мөлшер бойынша анықталды. Орташа аллергендік мөлшерді анықтау теңіз шошқаларында жүргізілді, онда зерттелетін өсінділер бір жануарға $10^3, 10^4, 10^5, 10^6$ КТБ мөлшерінде енгізілді. Бақылау есебінде физиологиялық ерітінді қоланылды. Реакцияны есепке алу эритеманың диаметрі бойынша 10 күннен кейін жүргізілді. Зерттелетін өсіндінің орташа аллергендік мөлшері бір жануарға есептегенде $4,2 \times 10^4$ КТБ құрады.

Штаммның жергілікті-тітіркендіргіш әсері 1×10^9 КТБ/см³ мөлшерде қоян көзінің конъюнктивасына зерттелетін өсіндіні енгізу кезінде склера мен мөлдір қабықтың тамырларын, көздің бұрыштарындағы шырышты секрецияларды инъекция түрінде оң реакциямен байқалды. Бақылаудың үшінші күнінде барлық жануарлардағы жоғарыда аталған құбылыстар толығымен тоқтатылды және келесі 5 күнде физиологиялық нормадан ауытқулар байқалмады. Осылайша, зерттелетін *Enterobacter kobei* 8В штаммы жергілікті-тітіркендіргіш әсерге ие болатындығы дәлелденді.

2020 жылғы 27 наурыздағы 438 К Хаттама қорытындысы бойынша штаммдардың қолданыстағы жіктелуіне сәйкес (микроорганизмдер-продуценттердің, бактериялық препараттардың және олардың компоненттерінің шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШЖК) жұмыс аймағының ауасында ГН 2.2.6.709-98 гигиеналық нормативтері), *Enterobacter kobei* 8В өсіндісі қауіптіліктің 4-классына жатады.

Bacillus holotolerans 7В және *Enterobacter kobei* 8В штаммдары өсінділерінің құрсақішілік және пероральді енгізу кезіндегі жіті уыттылығын зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізілді (38 кесте).

Кесте 38 – *Bacillus holotolerans* 7В және *Enterobacter kobei* 8В штаммдары өсінділерін құрсақішілік және пероральді енгізу кезіндегі жіті уыттылығын зерттеудің салыстырмалы нәтижелері

Тәжірибедегі жануарлар саны, дана	Енгізу тәсілі	Мөлшері, КТБ/г	<i>Bacillus holotolerans</i> 7В (36В)			<i>Enterobacter kobei</i> 8В (39В)		
			Ауруға шалдыққан жануарлар саны, дана	Жануарлар шығыны, дана	Тірі қалған жануарлар саны, дана	Ауруға шалдыққан жануарлар саны, дана	Жануарлар шығыны, дана	Тірі қалған жануарлар саны, дана
1	2	3	4	5	6	7	8	9
12	құрсақішілік	10 ³	0	0	12	0	0	12
12	құрсақішілік	10 ⁵	0	0	12	1	0	12
12	құрсақішілік	10 ⁷	4	0	12	4	2	10
12	құрсақішілік	10 ⁹	7	0	12	6	4	8
12	құрсақішілік	физ.ерітінді	0	0	12	0	0	12
12	пероральді	10 ⁵	0	0	12	0	0	12
12	пероральді	10 ⁷	0	0	12	0	0	12
12	пероральді	10 ⁹	3	0	12	5	1	11
12	пероральді	10 ¹¹	6	0	12	7	4	8
12	пероральді	физ.ерітінді	0	0	12	0	0	12

Bacillus holotolerans 7 В (36В) 10⁷ КТБ/г мөлшерде құрсақішілік енгізгенде 4 тышқан , ал - өсіндіні 10⁹ КТБ/г мөлшерде енгізгенде 7 тышқан ауырды. *Bacillus holotolerans* 7В (39В) өсіндімен 10⁹ КТБ/мл мөлшерінде пероральді жұқтыруда 1 тышқан шығын болды, 10¹¹КТБ/мл жоғары мөлшерде пероральді енгізгенде 7 тышқан ауырды және 1 тышқан шығыны болды, 10¹¹ КТБ/г *Bacillus holotolerans* 7В (36В) өсіндісін 1011 КТБ/г мөлшерінде енгізген кезде 6 тышқан ауырды.

Bacillus holotolerans 7В өсіндісін енгізгеннен кейін 24 сағаттан кейін тышқандарда енжарлық, тәбеттің жоғалуы, нәжістің сұйылуы, жүндерінің түсуі байқалды. *Enterobacter kobei* 8В (39В) енгізілгеннен кейін 72 сағаттан кейін ішкі мүшелердің диссеминациясы орын алады.







Штаммдарының қолданыстағы жіктелуіне сәйкес нәтижелердегі кейбір айырмашылықтарға қарамастан, (Жұмыс аймағының ауасындағы микроорганизмдер-продуценттердің, бактериялық препараттардың және

олардың компоненттерінің шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШЖК) ГН қосымшасында келтірілген.









Сақтау кезінде қант қызылшасын жоғалту себептерінің бірі – тамыр дақылдарының шіріп кетуіне әкелетін микроорганизмдердің белсенділігі. Бұл патогендердің спектрі әртүрлі.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесі олардың препаратқа енгізу үшін негізгі кандидаттар болып табылатынын болжауға мүмкіндік береді.

Кесте 39 – Кагат шірігінің саңырауқұлақ қоздырғыштарына антагонизмнің көріну пайызы

№ п/п	Штамм белгіленуі	Чапектің қоректік ортасындағы 7-ші тәуліктегі морфологиясы (25-27 °С)	Петри табақшасында	Микроскопиялау
	Fusarium	колониялары ақ-сұр, артқы жағы қызғылт-қызыл, қоректік ортада қаныққан сарғыш-қызыл пигментті таратады. Конидия сағақтары ұзын жіптермен тоқылған. Конидиялар - түйреуіштәрізді тәрізді		
	Fusarium oxysporum	Ақ ұлпа колония, астыңғы жағы түссіз ақ, жиегі толқынды. Конидия сағақтары қысқа, конидиялар сәл орақ тәрізді.		
	As. niger	Дөңгелек пішінді колония алдымен ақ болады, содан кейін көмір кара түске ауысады, ұнтақты, астыңғы жағы түссіз болады. Конидиялар қара, шар тәрізді.		

39 кестенің жалғасы

	<i>Fusarium moniliforme</i>	Колониялары тез өсетін, сәл күлгін, қабыршақты (мақта тәрізді), кері жағы қара күлгін. Гифтері септирленген, түссіз. Орташа ұзындықтағы конидия сағақтары тармақталған, түйреуіш тәрізді конидиялар.		
	<i>Fusarium</i>	Қызғылт реңктері бар ақшыл колония, қабыршақтайды. Кері жағы түссіз. Бөлімдермен бөлінген конидия сағақтары қалың, конидия сағақтары ұштары эллиптәрізді пішінге айналады		
	<i>Penicil chrysogenum</i>	Радиалды ойықтары бар колония, барқытты, орталығы көгілдір болады, ақ жұқа жиегі бар, ілмекпен алынуы қиын, кері жағы түссіз. Экссудаты ашық-карамель түстес. Қоректік ортаға сары пигментті шығарады. Конидия сағақтары ұзын. Конидиялар шар тәрізді.		
	<i>Penicil пеглей</i>	Колониялары аздап қатпарланған, ілмекпен алынуы қиын, жасыл, жиегі ақ, кері жағы сары түсті. Конидия сағақтары жұқа, ұзын. Конидиялар шар тәрізді.		

Бұл зерттеуде бактериясы негізінде биопрепарат сыналды. Биопрепараттың ең белсенді түрлерін анықтау үшін келесі әрекеттер жасалды:

1. Заттық шыныға үш қайталаным бойынша Сабуро қоректік ортасын тамыздық 100 мл мөлшерінде.
2. Салқындағаннан кейін номерлеп, Петри табақшаларына саламыз.
3. Алдын ала дайындалған үлгіден саңырауқұлақ мицелийін бөліп

алып, қоректік ортаға саламыз.

4. 60 минуттан кейін (лаг-фаза) мицелийдің қоректік ортада таралуын бақылау үшін микроскоп арқылы суретке түсіреміз (бақылау суреттері).

Сосын, 50 мл (төменде көрсетілген түрлерін) биопрепараттардың дайын үлгілеріне қосып, термостатта (37⁰С) 60 минут ұстаймыз:

0,5 М, ламинарлық бокста (UV) залалсыздандырылған;

1 М, ламинарлық бокста (UV) залалсыздандырылған;

0,5 м, автоклавта залалсыздандырылған;

1 М, автоклавта залалсыздандырылған;

Өңделмеген бактериялар;

Бақылау.

Уақыт өте келе саңырауқұлақтарға биопрепараттардың әсерін анықтау үшін оларға көзбен көріп талдау жүргізу мақсатында фотосуретке түсірілді.

Осылайша: а) өңделмеген биопрепарат саңырауқұлақтардың өсуі мен дамуын тоқтатты; б) бақылау үлгісінде, 0,5 М және 1 М концентрацияда ламинар бокста залалсыздандырылған үлгіде, сондай-ақ 0,5 м концентрацияда автоклавта залалсыздандырылған үлгілерде микроспораның өсуі мен дамуы тоқтамады, осылайша оң нәтиже бермеді; в) 1 М концентрацияда автоклавтағы залалсыздандырылған биопрепарат басқа үлгілермен салыстырғанда микроспораның өсуі мен дамуын тежеді.

Басталған тәжірибелік жұмысты әр түрлі концентрацияда ұлғайтып, жалғастырдық:

0,75 М, автоклавта залалсыздандырылған;

0,75 М, ламинар бокста (UV) залалсыздандырылған;

0,75 М, өңделмеген;

1 М, автоклавта залалсыздандырылған;

1 М, ламинар бокста залалсыздандырылған (UV);

1 М, өңделмеген;

1,5 М, автоклавта залалсыздандырылған;

1,5 М, ламинар бокста (UV) залалсыздандырылған;

1,5 М, өңделмеген;

2 М, автоклавта залалсыздандырылған;

2 М, ламинар бокста залалсыздандырылған (UV);

2 М, өңделмеген.

Бұл жұмыста да В 5 бактериясы негізіндегі биопрепаратты қоспас бұрын және одан кейін микроскоппен фотосуреттер түсірілді. Жұмыс нәтижелері «Бактерияларға әртүрлі концентрациядағы биопрепараттардың әсер ету атласы» түрінде суреті берілді.

5.3 Антагонист-штамдардың қауіптілік классын анықтау

Қауіптілік немесе патогендік класын анықтаудың заңдылығы - бұл штамдармен одан әрі жұмыс істеу тірі пробиотикалық микроорганизмдерді пайдалана отырып өндірілген компонент болып табылатын бактериялық концентраттар мен микробтық биосалмақты өндіруге арналған штамдардың сапасы мен қауіпсіздігін бағалауға бірыңғай, ғылыми негізделген тәсілді қамтамасыз етуі тиіс.

Bacillus holotolerans 7B деп аталатын штамм аэробты, хемогетеротрофтарға жатады. *Bacillus holotolerans* 7B 16s RNA гендерінің нуклеотидтер тізбегін оқу негізінде анықталды. *Bacillus holotolerans* 7B өсінділік-морфологиялық ерекшеліктері бойынша ұштары дөңгелек 1,5-2,5 мкм мөлшерінде, жеке немесе жұптасып орналасқан, жылжымалы таяқшалар, грам оң клеткалар ретінде сипатталды. Спора түзетіндерге жатады. Тығыз қоректік ортадағы колониялары дөңгелек, жиектері тегіс емес, өлшемі 10 мм, беті аздап әжімделген, консистенциясы жұмсақ, күңгірт-ашық-сары түсті.

Тәжірибедегі штаммның ықтимал патогендік белгілерін зерттеу кезінде жұмыртқаның сарысы (сары агар) және қан (қан агары) қосылған тығыз қоректік ортада *in vitro*-да *Bacillus holotolerans* 7B өсіндісінің лецитиназа және гемолитикалық белсенділік белгілерін көрсетпегені анықталды.

Bacillus holotolerans 7B штаммының вируленттілігін зерттеу (ЛД₅₀) жалпы қабылданған әдіс [80] бойынша 10^3 -тен 10^{11} КОЕ/см³ концентрациясында жануарлардың 8 тобында (12 ақ тышқан, салмағы 16-18 г болатын, 6 аналық және 6 аталық) жүргізілді.

Осы 2020 жылғы 27 наурыздағы 437 К Хаттамасы қорытындысы бойынша қолданыстағы штамдар жіктемесіне сәйкес (Микроорганизмдер-продуценттердің, бактериялық препараттардың және олардың компоненттерінің шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШЖК) жұмыс аймағының ауасында ГН 2.2.6.709-98 гигиеналық нормативтері) *Bacillus holotolerans* 7B өсіндісі қауіптіліктің 4-классына жатады.

Enterobacter kobei 8B атауы бар штамм факультативті анаэроб болып сипатталады және хемогетеротрофтарға жатады. *Enterobacter kobei* 8B 16s R RNA гендерінің нуклеотидтер тізбегін оқу негізінде анықталды.

Enterobacter kobei 8B өсінділік-морфологиялық ерекшеліктері бойынша ұштары дөңгелек 1,1-2,5 мкм, бір немесе жұптасып орналасқан, жылжымалы таяқшалар, грам-оң клеткалар ретінде сипатталды. Тығыз қоректік ортадағы колониялары дөңгелек, жиектері тегіс емес, өлшемі 15 мм, беті аздап әжімделген, консистенциясы жұмсақ, күңгірт-ашық-сары түсті.

Enterobacter kobei 8B штаммын ауыл шаруашылық саласында қолдану жоспарлануда. Штаммның ықтимал патогендік белгілерін зерттеу кезінде жұмыртқаның сарысы (сарысы агары) және қан (қан агары) қосылған тығыз қоректік ортада *in vitro* жағдайында жүргізген тәжірибелерде *Enterobacter kobei* 8B өсіндісінің лецитиназа (2% колония) және гемолитикалық (3% колония) белсенділігінің белгілері анықталды.

Enterobacter kobei 8B штамының вируленттілігін зерттеу (ЛД₅₀) жалпы

қабылданған әдіс бойынша жануарлардың 8 тобына (әрқайсысы 12 ақ тышқан, салмағы 16-18 г, 6 аналық және 6 аталық) 10^3 -тен 10^{11} КТБ/см³ концентрациясында жүргізілді.

Хаттама бойынша қорытындылағанда *Enterobacter kobei* 8В 4-ші қауіптілік класына жатады.

Bacillus mojavensis 5В штамы факультативті анаэроб және хемогетеротрофтарға жатады. *Bacillus mojavensis* 5В 16s R RNA гендерінің нуклеотидтер тізбегін талдау негізінде анықталды.

Bacillus mojavensis 5В өсінділік-морфологиялық ерекшеліктері бойынша жылжымалы таяқшалар, ұштары дөңгелек 1,5-2,5 мкм, жеке немесе жұптасып орналасқан грам-оң клеткалар ретінде сипатталды. Спора түзетіндер. Тығыз қоректік ортадағы колониялары дөңгелек, жиектері тегіс емес, өлшемі 10 мм, беті аздап әжімделген, консистенциясы жұмсақ, күңгірт-ашық-сары түсті. Лецитиназа және гемолитикалық белсенділіктің белгілері анықталмады.

Bacillus mojavensis 5В штамының вируленттілігін (LD50) зерттеу жалпы қабылданған әдіс бойынша жануарлардың 8 тобында (әрқайсысы 12 ақ тышқан, салмағы 16-18 г 6 аналық және 6 еркек) 10^3 -тен 10^{11} КТБ/см³ концентрациясында қолданылды. Қорытынды *Bacillus mojavensis* 5В 4-ші қауіптілік класына жататыны анықталды.

5.3.1 *Bacillus mojavensis* бактериясының NaCl-дың әртүрлі концентрациясында өсуін зерттеу

Зерттеу мақсаты микроэлементтер тұздарының *Bacillus mojavensis* штамдарының өсуіне әсерін анықтау. Жұмыста реттеуші факторлар ретінде NaCl қолданылды. Зерттеу барысында тұздардың штамның өсуіне әсері анықталды. Тәжірибенің тазалығы үшін жұмыс басталар алдында КТБ саны анықталды ($2,1 \times 10^8$).

Бактериялардың өсуі мен көбеюіне NaCl әсерін анықтау үшін 5 түрлі концентрация алынды: 1,3,5,7%. Бақылау үлгісі ретінде бактериясыз ЕПС (ет-пептонды сорпа қоректік ортасы) алынды.

NaCl тұзының әртүрлі концентрациясы бар бактериялар SkylineELMI шейкерінде 72,120 және 168 сағат бойы (3,5,7 күн) өсірілді. Нәтижелерді талдағаннан кейін *Bacillus mojavensis* бактериясының өсуі үшін NaCl тұзының оңтайлы мөлшері 3% құрағаны анықталды, онда бактериялардың ең көп мөлшерін көруге болады ($5, 30 \times 10^8$) (40 кесте).

Кесте 40 – NaCl қосқан кездегі *Bacillus mojavensis* штаммының өсу динамикасы, %

NaCl қосқан кездегі <i>Bacillus mojavensis</i> штаммының өсіп шыққан саны, %				
Сағат	1	3	5	7
72	$(4,76 \pm 0,28) \times 10^6$	$(5,30 \pm 1,33) \times 10^8$	$(1,85 \pm 0,88) \times 10^5$	$0,65 \pm 0,88) \times 10^4$
120	$(3,96 \pm 0,28) \times 10^6$	$(3,90 \pm 1,33) \times 10^8$	$(1,6 \pm 0,88) \times 10^5$	$0,55 \pm 0,88) \times 10^4$
168	$(2,96 \pm 0,28) \times 10^5$	$(2,30 \pm 1,33) \times 10^8$	$(1,42 \pm 0,88) \times 10^5$	$0,35 \pm 0,88) \times 10^4$

Bacillus mojavensis бактериясының өсуіне қолайлы температураны анықтау

Микроорганизмдердің қолайлы өсуі үшін оның түрлеріне сәйкес келетін температура қажет. Біз *Bacillus mojavensis*-тің бөлме температурасында, 24-25°C өсуін зерттедік (72, 120 және 168 сағатқа шейкерде өсірілді). Бақылау ретінде бактериясыз қоректік орта алынды. Жұмысты бастмас бұрын бактериялардың саны анықталды ($2,1 \times 10^8$). Нәтижелер 41 кестеде келтірілген.

Кесте 41 – *Bacillus mojavensis* штаммының қолайлы температура жүйесінде (24-25 °C) өсу динамикасы

t- 24-25 °C	Сағат		
	72	120	168
<i>Bacillus m</i> (5B)	$(6,30 \pm 0,33) \times 10^9$	$(2,15 \pm 1,0) \times 10^8$	$(1,65 \pm 0,72) \times 10^7$

Bacillus mojavensis өсуіне температураның әсерін зерттеу олардың мезофилл екенін көрсетті, қарқынды өсу 72 сағаттан кейін байқалды, мұнда КТБ саны $(6,30 \pm 0,33) \times 10^9$. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей 120 және 168 сағаттан кейін, осы уақыт аралығында бактериялардың табиғи өсуі төмендейді, бұл КТБ төмендеуіне әкелді.


5.3.2.1 *Bacillus mojavensis* (5B) штаммына қоректік орта қышқылдығының оңтайлы диапазонын анықтау

Өсіру процесіне әсер ететін абиотикалық факторлардың қатарына ортаның температурасы мен рН жатады. Ортаның қышқылдығы микроорганизмдердің тіршілік әрекетінің көрінісі үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Зерттелетін микроорганизмдер өсінділері үшін ортаның қышқылдығының оңтайлы диапазонын анықтау ЕПС (МПБ) (рН 5,1-ден 8,5-ке дейін) ортасында, тұрақты аэрацияда және 24-25°C температурада 7 күн ішінде өсіру арқылы жүргізілді. Биосалмақтың өсуі Кох әдісімен анықталды. Қоректік ортаның қышқылдығы METLER TOLEDO рН метрінде өлшенді.

рН 5,1 теңестіру үшін 100 мл ЕПС (МПБ) ортасына 3 мл

рН 8,5 болу үшін 100 мл ЕПС (МПБ) ортасына 60 мкл (2 тамшы) NaOH қосылды.

Bacillus mojavensis (5В) микроорганизмдері өсінділерінің өсу динамикасын әр түрлі рН мәндерімен зерттегенде рН 7 болатын қоректік орта *Bacillus mojavensis* (5В) штаммының өсуіне ең қолайлы екені анықталды (12 сурет).



Сурет 12 – рН әртүрлі мәндерінде *Bacillus mojavensis* (5В) штаммының биосалмақты жинақтау динамикасы

Биопрепараттың негізі ретінде *Bacillus mojavensis* (5В) бактериясы штаммының белсенділігін зерттеу

Зертханалық жағдайда штаммның белсенділігін анықтау үшін тәжірибелік шаруашылықтан әкелінген қант қызылшасынан тікелей алынған *Fusarium oxysporum* патогендік саңырауқұлағының мицелийіне *Bacillus mojavensis* (5В) бактериясының әсерін зерттедік.


Жұмыс барысында В 5 бактериясының штаммын қосар алдында және одан кейін микроскоппен (40X) фотосуреттер түсірілді. Жұмыс нәтижелері кесте түрінде берілді (42 кесте).

Алынған деректерді талдағаннан кейін, бактериялардың концентрациясы неғұрлым көп болса, олар патогендік саңырауқұлақтарға қатысты белсенді әрекет етеді деп қорытындылауға болады.

Кесте 42 – *Bacillus mojavensis* (5B) бактериясы штаммының биологиялық белсенділігін анықтау жөніндегі зертханалық жұмыстың нәтижелері

Конц/я, М	Залалсыздандыру әдістері	Нәтижелер
0,75	автоклавта	Саңырауқұлақ мицелийлары өсуін жалғастырды
0,75	ламинар бокста (UV)	Саңырауқұлақ мицелийлары өсуін жалғастырды
0,75	залалсыздандырылмаған	Саңырауқұлақ мицелийлары өсуін жалғастырды
1	автоклавта	Өсіп шыққан мицелийлар белсенділігін сақтады, жаңа мицелийлар пайда болмады
1	ламинар бокста (UV)	Өсіп шыққан мицелийлар белсенділігін сақтады, жаңа мицелийлар пайда болмады
1	залалсыздандырылмаған	Саңырауқұлақ мицелийлары өсуін жалғастырды
1,5	автоклавта	Бактерия әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты
1,5	ламинар бокста (UV)	Бактерия әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты
1,5	залалсыздандырылмаған	Биопрепарат әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты, тірі қалған бактериялар бар
2	автоклавта	Бактерия әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты
2	ламинар бокста (UV)	Бактерия әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты
2	залалсыздандырылмаған	Биопрепарат әсерінен саңырауқұлақ мицелийлары тіршілігін тоқтатты, тірі қалған бактериялар бар

5.3.4 *Bacillus mojavensis* (5Б) негізінде биопрепараттың сұйық түрін алу «ИзАрКаИм» биопрепаратының сұйық түрін алу "ҚазҒЗИ АӨП" ЖШС АФ зертханасында, сыйымдылығы 1250 мл «IKAMP 10 basic» ферментерінде $(24\pm 1)^{\circ}\text{C}$ температурада 48 сағат (2 тәулік) ішінде жүргізілді (13 сурет).



Сурет 13 – Биопрепараттың сұйық түрін алу процесі

Өсіру барысында температура мен рН (7,4) бақылау Басқару тақтасының дисплейіндегі құрылғылардың көрсеткіштері бойынша жүргізілді. Өсіру барысы үздіксіз араластырумен жүргізілді, араластырғыштың айналу жылдамдығы (50 ± 1) айн/мин. Өсіру барысының соңында алынған биопрепарат сыйымдылығы 50 мл контейнерге құйылып, сақтауға $+4^{\circ}\text{C}$ қалдырылды (14 сурет).



Сурет 14 – Алынған сұйық «ИзАрКаИм» биопрепараты

5.4 Кеңейтілген зертханалық жанама-өндірістік сынақ

Микробиология және биотехнология зертханасында зертханалық сынақтармен бірге биопрепараттың қант қызылшасына ұзақ уақыт бойы (4 ай) әсерін анықтау үшін жанама-өндірістік сынақ жүргізілді. Зерттеу жүргізу үшін қант қызылшасының екі сынақ үлгісін алдық. Қант қызылшасының жаңадан дайындалған барлық партиясы өлшеніп, 3 топқа бөлінді: 1 топ *Bacillus mojavensis* (5B) – пен өңделген тәжірибелік топ; 2 топ – 1 бақылау тобы Фитоспорин – М биопрепаратымен өңделген; 3 топ 2-бақылау ретінде биопрепаратпен өңделмеген пайдаланылды, олардан зертханалық талдау үшін сынамалар алынды: 1 топ – 1300 гр; 2 топ – 1350 гр; 3 топ – 1100 гр (15 сурет).



1 топ – *Bacillus mojavensis* (5B) – пен өңделген тәжірибелік топ

2 топ – 1 бақылау Фитоспорин-М биопрепаратымен


3 топ – 2 бақылау биопрепаратпен өңделмеген

Сурет 15 – Зерттеуге қолданылған қант қызылшасы

Жапсырмалардағы топтарды нөмірлеп, 1 тәжірибелік және 1 бақылау тобын өңдеуді бастадық. 1-топты өңдеу үшін алдын-ала дайындалған *Bacillus mojavensis* - 108 сұйық қоректік ортасы (МПБ) алынды. 2-топты өңдеу үшін 2 грамм "Фитоспорин-М" биопрепаратының құрғақ ұнтағын 100 мл суда (80⁰С). 5 минутқа сұйылтып, содан кейін 25 °С дейін салқындатып, пульвизатормен өңдедік [105].



а



б

Сурет 16 – Қант қызылшасын сақтау кезінде өңдеуге арналған биопрепараттар: а-«ИзАрКайМ» биопрепараты, «Фитоспорин-М» биопрепараты

Өңделген үлгілер 25 °С температура жағдайында 4 айға (120 күн) қалдырылды. Өңдеуден кейін ары қарай салыстыру үшін фотосуреттер түсірілді. 60 және 120 күн өткеннен кейін қант қызылшасы көзбен көру арқылы бағаланып, суретке түсіріліп, өлшенді.

Нәтижелерді талдағаннан кейін, «ИзАрКаИм» биопрепараты көрсетілген талаптарға сәйкес келеді және оны қант қызылшасының кагат шіріктерін зарарсыздандыратын биологиялық өнім ретінде ұсынуға мүмкіндік береді деп қорытынды жасауға болады. 4 ай (120 күн) өткеннен кейін үлгілерді өлшеу кезінде мынадай деректер алынды. 1 топ - 1235 гр; 2 топ-1280 гр; 3 топ-760 грамм. Осыған сүйене отырып, ылғалдың жоғалуы - 5% (17-сурет) деп қорытынды жасауға болады.

Кезеңдер	1 топ – <i>Bacillus mojavensis</i> (5B) – пен өңделген тәжірибелік топ	2 топ – 1 бақылау Фитоспорин-М биопрепаратымен	3 топ – 2 бақылау биопрепаратпен өңделмеген
Өңдеуден кейін			
2 айдан кейін			
айдан кейін			

Сурет 17 – Жанама-өндірістік сынақтың нәтижесі

5.5 Қант шикізатын ұзақ сақтау қауіпсіздігін арттыруда жаңа инновациялы ионозонды технологияның экономикалық тиімділігін пайдалану

Нақты шаруашылық жағдайларда қант қызылшасының даму тиімділігін белгілеу үшін жаңа техника мен технологияны қолдана отырып (азоттың электр зарядталған бөлшектері аймағында, ионозон қоспасы, өңделетін өнімнің электр полярлығы және электр зарядталған бөлшектер аймағында өнімнің сақталуы) өнімнің экономикалық тиімділігін дұрыс есептеу қажет. Мұнда негізгі қағидат дәстүрлі технология жағдайында өнімді сақтауға жұмсалған шығындарды және оны сатудан түскен түсімнің өсуін есепке алу мен салыстыру және сақтау кезінде бағаны өзгерте отырып, электр нано технологияны (ЭНТ) қолдана отырып сату болып табылады.

Тиімділік дәстүрлі және ЭНТ ескере отырып, бағалар бойынша сақтаудан кейін өнімді өткізу кезінде сақтауға дейінгі өткізу бағасының және сақтауға арналған шығындардың асып түскен сомасынан асып түсетін (өндірістік өзіндік құны 1 ц. және өнімді сатуға арналған шығындар тиісінше сақтауға дейін және одан кейін тең болған жағдайда) алынатын қосымша әсермен айқындалады.

Қоймаға салынған өнімді сақтау тиімділігін анықтау үшін сақтауға қою (салу) және сақтаудан кейінгі сату кезіндегі өзіндік құны мен нарықтық құны бойынша есепке алу қажет. Бұл жағдайда дәстүрлі сақтаудан (Пх) пайда мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_x = C_2 K_2 - (C_1 K_1 + 3t) \quad (9)$$

мұндағы: C_1, C_2 – сақтауға салу кезеңінде (қыркүйек-қазан) және сақтаудан кейінгі (қаңтар-наурыз) кезеңдердегі жемістерді сатудың орташа бағасы, теңге.;

K_1, K_2 – сақтауға салынған және сатылған жемістердің тиісті саны, ц;

$3t$ – сақтауға кеткен материалдық-ақшалай шығындар, теңге. Материалдық-ақшалай шығындар жеміс сақтау қоймасының жылдық амортизациясын ескеруі тиіс, ол оның қызмет ету мерзіміне байланысты.

ЭНТ қолданылған сақтау орнына салынған өнімді сақтаудың тиімділігін анықтау кезінде, сондай-ақ сақтауға қою (салу) және сақтаудан кейінгі сату кезіндегі өзіндік құны мен нарықтық құны бойынша есепке алу қажет. Бұл жағдайда ЭНТ ($P_{x_{ЭНТ}}$) қолдана отырып сақтаудан түскен пайда мынадай формула бойынша анықталады:

$$P_{x_{ЭНТ}} = C_{2_{ЭНТ}} \times K_{2_{ЭНТ}} - (C_{1_{ЭНТ}} K_{1_{ЭНТ}} + 3t_{ЭНТ}) \quad (10)$$

мұндағы: $C_{1_{ЭНТ}}, C_{2_{ЭНТ}}$ – тиісінше ЭНТ (қыркүйек-қазан) қолдана отырып сақтауға салу кезеңінде және сақтаудан кейін (қаңтар-наурыз) жемістерді сатудың орташа бағасы, тг.;

$K1_{Энт}$, $K2_{Энт}$ – сақтауға салынған және сатылған жемістердің тиісті саны,
ц;

$Зт_{Энт}$ – ЭНТ қолдану кезіндегі сақтауға арналған материалдық-ақшалай шығындар, тг. Материалдық-ақшалай шығындар ЭНТ техникасының амортизациясын ескере отырып, оның қызмет ету мерзіміне байланысты өнім қоймасының жылдық амортизациясын ескеруі тиіс.

Сақтаудың рентабельділігі (P_x) сақтаудан алынған пайданың материалдық-ақшалай шығындарға пайыздық қатынасы ретінде есептеледі.
салынған жемістердің құны:

$$P_x = \frac{П_x}{Ц1K1 + Зт} \quad (11)$$

Сақтаудың рентабельділігі (P_x энт) сақтаудан алынған дәстүрлі технология бойынша пайданың материалдық-ақшалай шығындарға пайыздық қатынасы сияқты есептеледі.

ЭНТ қолдана отырып сақтауға салынған жемістердің құны:

$$P_{x_{Энт}} = \frac{П_{x_{Энт}}}{Ц1_{Энт} K1_{Энт} + Зт_{Энт}} \cdot 100\% \quad (12)$$

Екі технологияның да ($Эф$) жеміс сақтау қоймаларының сыйымдылықтарын пайдалану дәрежесі нақты сақтау көлемінің тонна-күндердегі оның ықтимал көлеміне қатынасы ретінде бірдей есептеледі, %:

$$Эф = Оф / О 100\% Ов \quad (13)$$

Тонна-күндердегі нақты сақтау көлемі ($Оф$) бастапқы есепке алу материалдары бойынша анықталады. Тонна-күндердегі сақтаудың мүмкін көлемін мына формула бойынша анықтайды:

$$О = О * Д, \quad (14)$$

мұндағы:

$О$ – жеміс қоймасының жобалық қуаты, т;

$Д$ - осы аймақтың негізгі сорттары сақталатын күндер саны.

Өнімді қайта өңдеудің экономикалық тиімділігін зерттеу кезінде көрсеткіштердің мынадай жүйесін пайдаланады: өзіндік құн, пайда, рентабельділік деңгейі, еңбек сыйымдылығы, сақтау кезінде өнімнің барлық көлеміне дәстүрлі және инновациялық технология бойынша шикізат шығыны.

Қант қызылшасына технологиялық бағалау жүргізілгеннен кейін ол сақтауға қойылады. Тамыржемістер алдын ала дайындалған кагатқа салынады. Қант қызылшасының тамыржемістері – тыныс алу процестері өтетін тірі организмдер, ал дұрыс сақталмаған жағдайда қант қызылшасының тамыржемістерінің өнуі және шіруі мүмкін.

Дәстүрлі технология бойынша өну өскіндер салмағының үлгідегі барлық қызылша салмағына қатынасымен сипатталады. Өну жоғары температура мен ылғалдылықта өнімді жинағаннан кейінгі 5-7 тәуліктен соң басталады. Кагаттағы тамыржемістер өнуі біркелкі емес: жоғарғы бөлігінде төменгі бөлікке қарағанда 2 есе жоғары. Өну – теріс құбылыс, себебі тыныс алудың күшеюіне және жылудың бөлінуінің артуына байланысты сахарозаның жоғалуына әкеледі. Тамыржемістер желдетілмейтін кагаттарда және өсу бүршіктері қалған жерлерде қарқынды өседі.

Өсіп-өнумен күресу үшін тамыржеміс бастиегін (верхушки) жинау кезінде алып тастайды және тамыржемісістілерді кагатқа салу алдында малеин қышқылы гидразидінің натрий тұзының 1% ерітіндісімен (1 т қызылша үшін 3-4 л) өңдейді. Егер қызылша басы төмен кесілген болса немесе ол сәл солған болса, онда кагатқа салу кезінде пирокатехиннің 0,3% ерітіндісі қолданылады (1 т қызылша 3-4 л).

Микроорганизмдер бірінші кезекте тамыржемістердің өлген клеткаларында, механикалық зақымдалған, үсікке шалдыққан және солған бөліктерінде дамиды, содан кейін тірі, бірақ әлсіреген клеткалар зақымданады. Сондықтан шикізатты бүлінуден сақтаудың маңызды шарты оның тұтастығы болып табылады. Механикалық және басқа да зақымдануларға жауап ретінде қорғаныс реакциялары үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

Өсу үшін де, микроорганизмдердің дамуы үшін де температура мен ылғалдылықтың маңызы зор. 1-2 С° температураны, тамыраралық кеңістіктегі ауаның газ құрамын, кагаттарды мәжбүрлеп желдету арқылы ылғалдылықта ұстап тұру, шіру ошақтарын жою қант қызылшасының тамыржемістерін шіруден, өнуден сақтауға ықпал етеді.

Шикізаттың ең аз шығыны оны кешенді гидромеханикаландырылған қоймаларда сақтауды қамтамасыз етеді. Гидромеханикаландырылған қатты жабыны бар, гидроөткізгіш және желдету жүйесімен жабдықталған қоймалар қызылша салмағы мен қанттың жоғалуын күрт қысқартуға, сонымен қатар қызылшаны түсіру, жинау, сақтау және қайта өңдеуге беру кезінде техникалық құралдар мен операциялардың барлық кешенін пайдалану тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Қант қызылшасын өсірудің және жинаудың механикаландырылған тәсілдері оның ластануының айтарлықтай артуына алып келді. Соңғы жылдары Ресей бойынша орташа алғанда қабылдау шикізатының ластануы 14-16%-ды құрады, жекелеген жағдайларда 30%-дан астам.

Қоймаға келетін қызылшада топырақ, шөп қоспалары, сабақ және қызылшаның брактары болады, олар кагатқа түсіп, оның кеңістігін нығыздайды, аэрацияны нашарлатады.

Сонымен қатар, кагатқа түскен ұсақ-түйек пен қызылшаның брактары микроорганизмдермен оңай зақымдалады, сол арқылы шикізаттың жаппай шіруіне ықпал жасайды.

Қант қызылшасын қант қызылшасын сақтау алдында ионозонмен өңдеу кезінде және сақтауға салу алдында азоттың электр зарядталған бөлшектер

аймағында аэрация, қант қызылшасының тамыржемістерінің өнуі және шіруі минимумға дейін азайтылады.

Микрофлораның тіршілігін басу үшін 1 тн мөлшерінде Энт қолдануда Озон концентрациясы 4 г/м³ ионозонды қоспа және 15 минут уақыт бойынша экспозициясы бар оттегі молекулалық иондарының саны 100000 ед/см² қолданылады.

ЭНТ қолдану кезіндегі 1 м³ қант қызылшасына кететін шығындар (1 м³ қант қызылшасының пайдалы салмағы = 997 кг/м³) :

М озон уст = 4 кВ x 0,07 А = 0,28 кВт / сағ;

М ион уст = 24 000 кВ x 0,00001 А = 0,24 кВт / сағ;

Қант қызылшасын өңдеу кезіндегі ионозонаторлық қондырғының қуаты:

М ионозон уст = 0,28 кВт / сағ + 0,24 кВт / сағ = 0,52 кВт / сағ;

3 тг энт = 0,52 кВт/сағ x 16,65 тг. = 8,658 тг/тн.

Мұнда:

М озон уст – озонаторлық қондырғымен тұтынылатын қуат;

М ион уст – ионаторлық қондырғымен тұтынылатын қуат;

М ионоозон уст - ионоозонаторлық қондырғымен тұтынылатын қуат;

3 тг энт сағ – 1 кВт/с құны, 20.10.2019 ж = 16,65 тг/сағ

15 минут ішінде 1 тн қант қызылшасын ионозондық өңдеу құны тең:

3 тг энт сағат/4 = 8,658 тг/тн. : 4 = 2,2 тг

1 сағат ішінде азоттың электр зарядталған бөлшектері аймағында қант қызылшасын өңдеу құны мына жолмен есептеледі:

М азот уст = 24 000 кВ x 0,00001 А = 0,24 кВт/сағ x 16,65 тг/сағ = 3,996 тг = 4,0 теңге/сағ

Электр зарядталған бөлшектер аймағында 15 минут ішіндегі ионоозондық өңдеу және қант қызылшасын өңдеу құны:

8,7 тг + 4,00 тг = 12,7 тг/сағ

Тәулігіне ионоозондық өңдеу құны (өңдеу 2 рет):

12,7 тг/сағ. x 2 = 25,4 тг/тәулігіне

Үш ай ішінде ионоозондық өңдеу құны (тәулігіне 2 рет өңдеу кезінде):

25,4 тг/тәулік x 92 тәулік = 2336,8 тг / 3 ай.

Кесте 43 – Қант қызылшасын ұзақ уақыт сақтаудың экономикалық тиімділігі

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қағаттық сақтау			Пайда	
			Екпінді желдеткіш қондырғысы бар қызылшаны сақтау	Озонды ауа ағынымен өңдейтін қызылшаны сақтау	Ионоозонды ауа ағынымен өңдейтін қызылшаны сақтау	Озон	Ионоозон
1.	Сақтау көлемінің құны	тонн	3000	3000	3000		
		тенге	$3000 \times 18 = 54000000$	$3000 \times 18 = 54000000$	$3000 \times 18 = 54000000$		
2.	Жоғарғы қуатты желдеткіштің құны	тенге	$390000 \times 6 = 2340000$	-	-		
3	Ауаны таратқыш	тенге	1 млн \times 6 = 6 млн	-	-		
4	Компрессор	тенге	-	100000	100000		
5	Озон және ионозон генераторы		-	$550000 \times 6 = 3300000$	$650000 \times 6 = 3900000$		
6	Пластикалық құбырлар: төменгі: жоғарғы:	тенге	-	$7000 \times 6 = 42000$ $20 \text{ м} \times 200 = 4000$ $10 \text{ м} \times 200 = 2000$ $5 \text{ м} \times 200 = 1000$	$7000 \times 6 = 42000$ $20 \text{ м} \times 200 = 4000$ $10 \text{ м} \times 200 = 2000$ $5 \text{ м} \times 200 = 1000$		
7	Электр энергияны тұтыну кВт.сағ	тенге	380 Вт $380 \text{ Вт} \times 16 \text{ ч} = 6080 \text{ Вт.ч}$ $6080 : 1000 = 6,08 \text{ кВт.ч}$ $6,08 \times 60 = 364,8 \text{ кВт.ч}$ $364,8 \times 25 = 9120 \text{ тенге}$ $9120 \times 6 = 54720 \text{ тенге}$	220 Вт $220 \text{ Вт} \times 16 \text{ ч} = 3520 \text{ Вт.ч}$ $3520 : 1000 = 3,52 \text{ кВт.ч}$ $3,52 \times 60 = 211,2 \text{ кВт.ч}$ $211,2 \times 25 = 5280 \text{ тенге}$ $5280 \times 6 = 31680 \text{ тенге}$	220 Вт $220 \text{ Вт} \times 16 \text{ ч} = 3520 \text{ Вт.ч}$ $3520 : 1000 = 3,52 \text{ кВт.ч}$ $3,52 \times 60 = 211,2 \text{ кВт.ч}$ $211,2 \times 25 = 5280 \text{ тенге}$ $5280 \times 6 = 31680 \text{ тенге}$		
8	Жұмысшылардың жалақысы	тенге	$2 \times 120000 = 240000$	$1 \times 120000 = 120000$	$1 \times 120000 = 120000$		
9	Қанттың мөлшерінің жоғалуы, %	тенге	3,5% $3000 \times 0,035 = 105 \text{ т} \times 18 = 1890$	2,0% $3000 \times 0,02 = 60 \text{ т} \times 18 = 1080$	1,5% $3000 \times 0,015 = 45 \text{ т} \times 18 = 810$		
10	Қауіпсіз сақтау мерзімі, ай	тенге	2	4	5		
11	Жалпы құны	тенге	62,636610 тг	57,594760 тг	58,194490 тг	5041850 тг	4442120 тг

Бесінші бөлім бойынша қорытынды

Басқа ұқсас технологиялармен және химиялық реактивтермен салыстырғанда залалсыздандыру, биологиялық құндылығын, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-қоғамдық орындылығын арттыру мақсатында АӨК өнімдерін өңдеудің перспективалық әдістерінің бірі ретінде ионозон техникасы (иондарды, озондарды және ионоозон қоспаларын кез-келген қатынаста бөлек синтездейтін ионозонды генераторлар) жасалған;

Қант қызылшасының жаңа жиналған тамыржемістілерін кагаттық сақтау кезінде озондаудың, ионоозондаудың әртүрлі нұсқалары әзірленді және тәжірибелік енгізуге ұсынылды: көлденең, бойлық, төменнен және жоғарыдан әртүрлі жүйелік көрсеткіштері бар ионоозондалған ауамен үрлеу (концентрация ($\text{г} / \text{дм}^3$), қысым (атм) және ұзақтығы (мин));

Қант қызылшасының кагаттық, траншеялық және стационарлық сақтауда тамыржемістерін қабылдау және сақтау кезінде ионоозонды өңдеуді қамтамасыз ететін әмбебап технологиялық желі құрылды және сыналды, бұл сандық-сапалық көрсеткіштерді табиғи шығындардың белгіленген нормаларына дейін төмендетуге әкеледі;

Жалпы қант шикізатын зерттеулер жүргізу нәтижесінде қауіпсіз сақтау үшін озонды, ионоозонда өңдеп, ауалы ортада сақтаудың, азотты ортада сақтаудың тиімді екендігі және бұл өңдеулердің оңтайлы режимдерін қолдана отырып, сақталу мерзімдерін ұзартуға болатындығы дәлелденді.

Қант қызылшасын кагат шірігінен зарарсыздандыруға арналған жаңа биопрепарат шығарылды. Шетелдік аналогтардан айырмашылығы - препарат Қазақстан Республикасының аумағында бөлінген микроорганизмдер негізінде жасалған. Бұл факт экономикалық әсер болып табылады, өйткені ол сақтау кезінде қант қызылшасын шіріктен залалсыздандыру үшін қымбат биопрепараттарды импорттау және тасымалдау шығындарын үнемдеуге мүмкіндік берді

Қазіргі уақытта әзірленген биопрепаратты бақылау мен тәжірибені сәйкестендіру бойынша зертханалық зерттеулердің үшінші топтамасы, сондай-ақ биопрепараттың құрамына кіретін микроорганизмдер өсінділері штаммдарының морфологиялық, биохимиялық және физиологиялық ерекшеліктерін қосымша зерделеу жүргізілуде. Биологиялық өнімді түпкілікті әзірлеу бойынша зерттеу жұмысына статистикалық өңдеу жүргізгеннен кейін және өндірістік жағдайларда апробация және зертханалық жағдайда жанама кеңейтілген сынақ жүргізілгеннен кейін қант қызылшасын биологиялық залалсыздандыру үшін «ИзАрКаИм» биопрепаратын пайдаланудан жоғары экономикалық тиімділік есептелген.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Қант қызылшасының шикізатын шығынсыз ұзақ сақтау кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде инновациялық озонды және ионоозонды технологиялық қолданудың ғылыми практикалық тұжырымы:

- басқа дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда залалсыздандыру, биологиялық құндылығын, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік-қоғамдық орындылығын арттыру мақсатында өнімдерін өңдеудің тиімді әдістерінің бірі қант қызылшасын озонды және ионоозонды қауіпсіз техника мен технология ретінде даярланды;

- қант қызылшасын өңдеу кезінде басқа дәстүрлі технологияларға қарағанда озонды және ионоозонды техника мен технологияның басым мүмкіншіліктері анықталды;

- озонды және ионоозонды өңдеу кезінде агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің санитарлық-гигиеналық функциялары жақсарады, адамдар мен жануарлардың тұтынуына зиянсыз болады, қауіпсіздік жағдайы артады;

2. Қант қызылшасының жаңа жиналған тамыржемістілерін қағаттық сақтау кезінде озондаудың, ионоозондаудың қауіпсіз технологиялық сызбалары әзірленді және тәжірибелік енгізуге ұсынылды: көлденең, бойлық, төменнен және жоғарыдан әртүрлі басқару параметрлері бар ионоозондалған ауамен үрлеу (концентрация (г/дм^3 , $1/\text{см}^3$), қысым (атм) және ұзақтығы (мин)), оңтайлы режимдері көрсетілді;

3. Қант қызылшасының қағаттық, траншеялық және стационарлық сақтауда тамыржемістерін қабылдау және сақтау кезінде озонды және ионоозонды қауіпсіз өңдеуді қамтамасыз ететін технологиялық сызбасы құрылды және сыналды, бұл сандық-сапалық көрсеткіштерді табиғи шығындардың белгіленген қауіпсіз нормаларына дейін төмендетуге әкеледі.

4. Қауіпсіз өңдеу технологиялық сызба жүйелері орнатылды, қант қызылшасының тамыржемістерін озонмен өңдеу оңтайлы режимдерімен жүргізілді: озонның концентрациясы сәйкесінше – 5 мг/м^3 , $0,5 \text{ г/м}^3$ және 2 г/м^3 , экспозиция уақыты - 20 минут.

5. Зерттеу үшін қант қызылшасының тамыржемістерін қауіпсіз оңтайлы ионоозонды режимдермен өңдеу: ионоозонды концентрациясы: озон – 5 мг/м^3 , молекулалық иондар – $50\,000$ бірлік/ см^3 ; озон - $0,5 \text{ г/м}^3$, молекулалық иондар $500\,000$ бірлік/ см^3 ; озон - 2 г/м^3 молекулалық иондар – $1\,000\,000$ бірлік/ см^3 ; өңдеу уақыты бойынша экспозиция – 20 минут.

6. Алынған нәтижелер көрсеткендей, барлық тәжірибелерде сақтаудың әр айындағы белгіленген технологиялық сызбаларының қауіпсіз өңдеу жүйелеріне сәйкес озон және ионоозон әсеріндегі қағаттардағы қант қызылшасының тамыржемістерінің зерттелген көрсеткіштері ылғалдың $0,78\%$ - дан $3,5\%$ -ға дейінгі шекте орташа мәні $0,30\%$ - ға дейін және қант құрамының $0,50\%$ -дан $4,0\%$ - ға дейін орташа мәні $1,47\%$ - ға дейін төмендеуін көрсетті.

7. Алғаш рет қант шикізатын қауіпсіз ұзақ уақыт сақталуына және физика-химиялық, физиологиялық және микробиологиялық көрсеткіштерінің

өзгерістеріне жеке факторлар мен шарттардың әсері анықталды және озонды, ионоозонды, азотты және көмірқышқылды орталарда сақталуы зерттелді.

8. Толық факторлы 2^3 және 2^4 тәжірибелерді қолдана отырып алынған сызықты және сызықты емес математикалық моделдеу шешімдерінің нәтижесінде қант шикізатын қауіпсіз ұзақ уақыт сақтау мен өңдеу режимдерінің оңтайлы нұсқалары бекітілді.

9. Қант қызылшасы шикізатының озонды және ионоозонды қауіпсіз техника мен технологиясын қолдану сонымен қатар ұзақ сақтау кезінде азотты және көмірқышқыл ортада қауіпсіз сақтау микроорганизмдердің бактериялардың толық тоқтату мақсатында ұзақ сақтаудың мүмкіншілігін арттыру үшін ғылыми зерттеудің нәтижесінде алынған «ИзАрКаИм» биопрепараты қолданылды. Осы аталаған техникалық және технологиялық биотехнологиялық әдістердің қант қызылшасын қауіпсіз ұзақ мерзімді сақталуын мүмкіншілік туғызды.

10. Дәстүрлі екпінді желдеткіш ауа мен қант қызылшасын сақтау технологиясымен 3000 тонналық кагатта сақтауын салыстырғанда озонды және ионоозонды өңдеудің қауіпсіз сақтаудың экономикалық тиімділігі анықталды: озон бойынша сақтау 5041850 тенге, ал ионоозон бойынша сақтау 4442120 теңге шығын үнемделді. Қант мөлшерінің азаюы: екпінді ауамен желдетуде – 3,5 %, озонмен өңдеуде – 2,0 % және ионоозонмен өңдегенде – 1,5 %, қауіпсіз сақтау уақыты 2-3 айға ұзарды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сахарная свекла: www.vkusnoblog.net/products/saharnaya-svekla, 16.06.20.
- 2 Мойсеяк М.Б. Сахар – традиционный, натуральный источник энергии для человека / Сахар. – 2014. – № 7. – С. 18.
- 3 Кульнева Н.Г., Шматова А.И., Стародубцева А.М. Проблемы хранения и переработки свеклы в условиях высокой инфицированности/ Актуальная биотехнология – 2013. – № 4(7). – С.22-24.
- 4 Мауи А.А., Кожабаев Ж.И. Влияние гнилей корнеплодов на продуктивность сахарной свеклы в условиях юго-востока Казахстана: www.rusnauka.com/15_NPN_2013/Agricole/3_136214.doc.htm, 18.09.20.
- 5 Манжесов В.И., Попов И.А., Щедрин Д.С. Технология хранения растениеводческой продукции: учебное пособие. - Воронеж: ФГОУ ВПО ВГАУ, 2009. – 249 с.
- 6 Вертуш А.Н. Пути интенсификации свеклосахарного производства / под. ред. Вертуша А.Н. – Минск.: Юнипак, 2002. – 109 с.
- 7 Карпов Б.А. Технология послеуборочной обработки и хранения сахарной свеклы / под. ред. Карпова Б.А. – М.: Агропромиздат, 2007. – 177 с.
- 8 Крылов М.И. Хранение сахарной свеклы / под. ред. Крылова М.И. – М.: Агропромиздат, 2006. – 77 с.
- 9 Личко Н.М. Технология переработки продукции растениеводства. – М.: Колос, 2000. – 552 с.
- 10 <https://works.doklad.ru/view/hEabNh1W9VM/all.html>, 18.03.21.
- 11 Айтбаев Т.Е., Красавина В.К., Жакашбаева М.Б. Сохраняемость отечественных и зарубежных сортов корнеплодов моркови и свеклы в условиях юго-востока Казахстана // Исследования, результаты. – 2014: <https://articlekz.com>, 18.04.20.
- 12 Шпаар Д. Сахарная свекла. – Минск.: ФУАинформ, 2000. – 258 с.
- 13 Шарипов А. К. Опыт возрождения свеклосахарного производства в Казахстане и России // Актуальные вопросы экономических наук: материалы II Междунар. науч. конф. — Уфа, 2013. — С. 36-40.
- 14 <https://infopedia.su/1x2eda.html>.05.09.20.
- 15 https://vuzlit.ru/1737604/rezhimy_sposoby_hraneniya_saharnoy_svekly. Способы хранения сахарной свеклы.01.05.20.
- 16 Пекельный В.Н. Колплянский сахарный комбинат: уроки прошлого сезона // Журнал Сахар. – 2012, - №5. – С. 52-55.
- 17 Iztaev A.I., Dautkanova D.R., Dautkanova N.B., Yerbulekova M.T., Toxanbayeva B.O. New Natural Sugar Substitute in Baking Industry // 5-th World Engineering Congress (WEC-2013) «Pakistan Engineering Council at National University of Sciences Tehnology». – Islamabad, 2013. – P. 6.
- 18 <http://www.kazakh-zerno.kz/novosti/populyarnye-novosti/237380-sladkie-problemy-kazakhstana>. Сладкие проблемы Казахстана. 13 июль 2020 г.

19 Егорова М.И., Казакова С.М., Чугунова Л.С. Факторы риска и безопасности сахара / Сахар. – 2009. – № 2. – С. 52–54

20 Iztaev A.I., Kulajanov T., Maemerov M. Application of the electromagnetic ion-ozone nanotechnology in the production of cereals. // The Second north and east European congress on food, NEEFood-2013. – Kyiv, 2013. – P. 34.

21 Сапронов Н.М., Бердников А.С., Косулин Г.С. Хранение сахарной свеклы современных гибридов с применением полифункциональных консервантов // Журнал Сахар. – 2011, - №8. – С. 26-28.

22 Жакатаева А.Н., Изтаев А.И. Якияева М.А. Қант қызылшасының ауруларымен күрестің дәстүрлі әдістері // Материалы VI МНПК «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века», 20-22 апреля 2020 года, г. Нур-Султан, С. 97-99.

23 Кульнева Н.Г. Проблемы переработки сахарной свеклы [Текст] / Н.Г. Кульнева, А.И. Шматова // Актуальная биотехнология. – 2012. – № 2. – С. 32-33 141

24 <https://moluch.ru/conf/econ/archive/76/3723/>. Опыт возрождения свеклосахарного производства в Казахстане и России.

25 Лосева В.А. Методы исследования свойств сырья и готовой продукции (теория и практика) / В. А Лосева, А. А. Ефремов, И. В. Квитко // Воронеж. гос. технол. акад. – Воронеж: ВГТА, 2008. – С. 247.

26 Сапронов Н.М. Хранение сахарной свеклы современных гибридов с применением полифункциональных консервантов / Н.М. Сапронов, А.С. Бердников, Г.С. Косулин // Сахарное производство. – 2011. – № 8. – С. 26- 28.

27 Чернявская Л.И. На пороге ВТО: качество сырья и продукции сахарного производства стран СНГ / Л.И. Чернявская // Сахар. – 2006. – № 6. – С. 9-14.

28 СанПин 2.3.2.560-96. Продовольственное сырье и пищевые продукты. Гигиенические требования к качеству и безопасности продовольственного сырья и пищевых продуктов.

29 Сапронов А.Р. Технология сахарного производства / А.Р. Сапронов. - 2-е изд., исправл. и доп. – М.: Колос, 1999. – 495 с. 144

30 Решетова Р.С. / Интенсификация способов подготовки экстрагента к извлечению сахарозы из свекловичной стружки / Р.С. Решетова, А. А. Игнатъев // Сахар. – 2007. – № 2. – С. 30-32.

31 Сапронов Н.М. Хранение сахарной свеклы современных гибридов с применением полифункциональных консервантов/ Н.М. Сапронов, А.С. Бердников Г.С. Косулин // Сахарное производство. – 2011. – № 8. – С. 26- 28.

32 Серегин С.Н. Реформирование сахарного режима Евросоюза: мотивация и цели / С.Н. Серегин, А.Б. Бодин, О.И. Василенко // Сахар. – 2009. – № 2. – С. 20-25.

33 Силин П.М. Химический контроль свеклосахарного производства / П. М. Силин, Н.П. Силина. – М.: Пищепромиздат, 1977. – С. 240

34 Славянский А.А. Сахар: назначение, свойства и производство [Текст]: учебное пособие / А.А. Славянский. – М.: МГУТУ, 2012. – 213 с.

35 Славянский, А.А. Сахар-песок как сырье для производства карамели [Текст] / А.А. Славянский, С.В. Штерман, З.Г. Скобельская // Кондитерское производство. – 2001. – № 1. – С. 14-16.

36 Чернявская Л.И. ВТО и проблемы качества сахара отечественных производителей [Текст] / Л.И. Чернявская // Сахар. – 2012. – № 9. – С.18-22.

37 Шматова А.И. Изучение бактерицидного препарата для свеклосахарного производства [Текст] / А.И. Шматова, Н.Г. Кульнева // Материалы IV Международной научной конференции «The priorities of the world science: experiments and scientific debate». – USA, 2014. – С.65-69.

38 Спичак В.В. «Биопак» для обработки диффузионного сока [Текст] / В.В. Спичак // Сахар. – 2012. – № 2. – С. 38-40.

39 Славянский А.А. Сахар и продукты на его основе [Текст] / А.А. Славянский, С.А. Макарова, Н.Н. Лебедева // Материалы Международной научно-практической конференции «Крахмал и крахмалопродукты, состояние и перспективы». – Москва, 2011. – С. 130-136.

40 Шматова А.И. Переработка сахарной свеклы низкого качества / А.И. Шматова, Н.Г. Кульнева, Ю.И. Манько // Материалы II Международной научной конференции «Modern approaches in scientific researches Papers of the 1st International Scientific Conference». – Germany, 2013. –V. 3. – S. 126-129.

41 Изтаев А.И., Якияева М.А., Жакатаева А.Н. Маркетинговый анализ техники и технологии хранения сахарной свеклы // Материалы республиканской научно-практической конференции молодых ученых «Наука. Образование. Молодежь», г. Алматы, 25-26 апреля 2019 г., С. 34-33.

42 Катастрофичной назвали ситуацию с производством сахара в Казахстане:<https://informburo.kz/.../katastrofichnoy-nazvali-situaciyproizvodstvom-sahara-v->, 8.04.20.

43 Щербань А.И. Химия углеводов и свеклосахарного производства [Текст]: учебное пособие / А.И. Щербань, В.М. Болотов, В.А. Голыбин. – Воронеж : ВГТА, 2009. – С. 90.

44 Шкаликов В.А. Защита растений от болезней. – М.: Колос, 2010. // Учебник для студентов высш. учеб. заведений. — 3-е изд., испр. и доп. — М.: КолосС, 2010. — 404 с.

45 Изтаев А.И., Мамеров М.М., Якияева М.А. Жакатаева А.Н. Современные технологии длительного хранения сахарной свеклы // Сборник научных статей и докладов VI МНПК «Продовольственная безопасность: научное, кадровое и информационное обеспечение, г. Воронеж, 13-14 ноября 2019 г. С. 623-625.

46 Сорока С.В., Интегрированные системы защиты сельскохозяйственных культур от вредителей, болезней и сорняков. Изд: Минск «Белорусская наука», 2005 – 465 с.

